

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№94 (9412) | 1954 жылғы 11 май Сейсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру — астық өндірісін шұғыл арттырудың негізі. К. Әубаев — Егісті тез, сапалы аяқтау үшін күрес (1-бет).
СОТА-ның хабары (2-бет).
Картоп және овощ өндірісінің молшылығын жасау — аса маңызды міндет. Б. Жақыпов — Тұқым жеткіліксіз (2-бет).
В. Бойченко — Партия тақырыбына. Аудандық партия комитеттерінің совхоздарға басшылығы туралы (2-бет).

Н. Ерофеев — Халық шаруашылығын өркендетудің ең басты, шешуші шарты (3-бет).
М. Качалов — Егіншілерге кеңес. Жемшөптік жүгері егудің агротехникасы (3-бет).
З. Саможенова — «Оқытушылар күні» — әдіс ауыстырудың ең қолайлы түрі (3-бет).
Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі. (4-бет).
Фам Ван Донгтың мәлімдемесі. (4-бет).

Егіс кезіндегі бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетейік

Облыс колхоздары мен совхоздарының егіс даласында астық үшін күрес кең көлемде жүргізілуде. Кәзір егіншілердің: колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің қажырлы еңбектері үстемдіктегі жылы егіннен мол өнім жыйнаудың шешуші кезеңі — көктемгі дала жұмыстарының агротехникалық қысқа мерзімде өткізу, сөйтіп, партиямыздың астық өндірісін ұлғайту жөніндегі программасын орындауда лайықты табысқа ие болу мақсатына бағытталған.

Бұл игі мақсатты жүзеге асыру үшін бізде қажетті мүмкіншіліктің бәрі де бар. Совет мемлекеті ауыл шаруашылығын қуатты техникамен қаруландырды. Партияның шақыруы бойынша ұлан-байтақ Отанымыздың қалалары мен селоларынан мыңдаған ерікті патриоттар келіп, облыстың ауыл шаруашылығы қызметкерлерімен бірге егіс даласында қажырлы еңбек етуде. Әңгіме егіншілеріміздің күн санап өсіп отырған саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, олардың социалистік жарысын ұйымдастыра білуде болып отыр.

Егіншілердің социалистік жарысын ұйымдастыруда мазмұнды жүргізілген саяси үгіттің маңызы зор. Әрбір механизатор, колхозшы, жұмысшы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатын неғұрлым терең түсіне білсе, олардың еңбектегі табыстары да солғұрлым нәтижелі болатыны мәлім. Олай болса, егіншілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен ұйымдастыру — партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті. Егіншілер арасындағы саяси үгіттің арқауы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларын кеңінен түсіндіру, оны әрбір бригаданың, колхоздың, МТС-тің, совхоздың алдында тұрған нақтылы міндетпен тығыз байланыстыру болып табылады.

Көктемгі дала жұмыстарының барысы қай жерде ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыс тығыздықты жүргізілсе, сол жерде істің жемісті екенін айқын дәлелдеуде. Мәселен, Совет МТС-нің партия ұйымы дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап трактор бригадаларын бұқаралық-саяси жұмыстың орталығына айналдырды. Партия бюросының мүшелері трактор бригадаларында жиі болып, үгітшілердің жұмысына практикалық көмек көрсетеді, арнаулы тақырыптарда саяси бағдарламалар жасайды. Үгітшілердің әңгімелерінде, өндірістік жыйналыстарда, «Жауынгерлік дистоктарда» социалистік

сындағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуында.

Преснов ауданы, «Сталин жолы» колхозында үш егіс бригадасы жұмыс істейді. Көктемгі дала жұмыстары басталғалы партия ұйымы, оның секретары Оразалин жолдас егіншілер арасында үгітшілердің әңгіме өткізуді, «Жауынгерлік дистоктардың» шығарылуын, социалистік жарыс нәтижелерінің көрсеткіш тақталарына жазылуын ұйымдастыруды естен шығарған. Тек осының салдарынан дала жұмысындағы колхозшылар социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін жете білмейді. Колхозда аудандық комитеттің нұсқаушысы Черников жолдас жиі болады. Бірақ, ол шаруашылық қызметкерлерінің ролін атқарып, бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралардың жүзеге асырылуына жетісе алмай жүр. Оразалин және Черников жолдастардың партия жұмысының өзекті мәселесі — саяси жұмысты кеңінен ұйымдастырмайынша шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешу қиын екенін түсіне алмауларына таңмыз бар.

Мұндай фактілер неғенсаяқ емес. Октябрь ауданы, Степан Разин атындағы колхоз партия ұйымының секретары Паромонов жолдас көктемгі дала жұмыстарының қызу күндерінде егіншілер арасындағы саяси жұмысты ұйымдастырудың орнына, жат қылықтармен айналысып, маскүнемдікке салынған. Егіс бригадаларында ол бірде-бір рет болуды қажет деп танымаған. Осылай болғандықтан үгітшілер егіншілер арасында әңгіме өткізуден, зауыстап газет оқудан қол үзген. Бұл жағдайды Октябрь аудандық партия комитетінің Семиполка МТС-і аймағы жөніндегі секретары Ш. Садықов жолдас жақсы біледі. Бірақ, амал не, ол кездескен кемшіліктердің куәсі болудан басқа, әзірше колхозда саяси жұмысты жақсарту жөнінде мардымды ештеңе істеген жоқ.

Партия ұйымдары егіншілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін кеңінен өрістетіп, оның әсерін колхозшылар мен механизаторлардың социалистік жарысын кеңінен өрістетуге, еңбек тәртібін нығайту, көктемгі егісті агротехникалық қысқа мерзімде өткізу міндетіне бағыттауы керек. Бұл күндері әрбір коммунист, комсомолец, үгітші еңбектегі прогрессивтік әдістерді, жаңалықтарды кеңінен таратып, жұмысқа бөгет жасайтынның бәрін қарсы келіпесе күрес жүргізуге тиіс. Үгітшілер СОКП Орталық Комитетінің

Тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру — астық өндірісін шұғыл арттырудың негізі

Жаңа жерде жаңа табысқа жетеміз

Біздің комсомол-жастар бригадасы көп жылдар бойы Краснодар өлкесі, Успенск ауданы, Ожногутарск МТС-нің қамтуындағы III Интернационал атындағы колхозда жұмыс істеп келді. Бұл уақыттың ішінде бригада мүшелері техника қуатын өнімді пайдалану, жер жұмыстаудағы агротехникалық ережелерді мұқият жүзеге асыру жөніндегі озат тәжірибелерді өндіріске шеберлікпен енгізді. Сөйтіп, өздері жұмыстаған егістік участоктардың әрбір гектарынан өнімнің мол алынуын қамтамасыз етіп отырды. Соның нәтижесінде бригадамыз аудандағы озат трактор бригадаларының бірі болды.

Быйыл партиямыз барлық озат механизаторларды тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға көмекке баруға шақырғанда, біздің бригада мүшелері бұл шақыруға өз үндерін қосты. Сөйтіп, олар тегісінен Булаев ауданы, Калинин атындағы МТС-нің қамтуындағы «Победа» колхозына тың және тыңайған жерлерді игеруге келді.

Кәзір біздің алдымызда «Победа» колхозында 560 гектар тың жерді жырту, өңдеу және оған тұқым себуі, сонымен бірге, келесі жылдың егістері үшін 1900 гектар тынды жұмыстау міндеті тұр. Бұл жұмыстарды атқару үшін бригаданың қарамағына үш «ДТ — 54», бір «СХТЗ» тракторлары және басқа тіркеу саймандары берілді. Егер біз осы күштерді өнімді пайдалана алсақ, онда алда тұрған міндетті мүлтіксіз орындай аламыз. Осы есеппен бригада мүшелері көктемгі дала жұмыстарының алғашқы күнінен бастап тракторлардың екі сменада қалтқысыз жұмыс істеуін, сменалық тапсырмалардың жұмыстың барлық түрінен де толық орындауын қамтамасыз етіп келеді.

График бойынша 6 майға дейін біз 230 гектар тың көтеруіміз керек еді. Бұл 5 май күні 246 гектар болып асыра орындалды. Жыртылған жер жақсы сапада өңделіп, оған жаздық қатты бидайдың тұқымы себілді. Бұл бригада мүшелерінің еңбек өнімділігін арттыру жолындағы қажырлы күрестерінің нәтижесі екені сөзсіз.

Біздің механизаторлардың бәрі де сменалық тапсырмаларын толық және асыра

ТЫҢ ЖЕР ЖЫРТУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Облысымыздағы көптеп егістікке пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру мақсатымен быйыл жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылған болатын. Солардың бірі — Булаев астық совхозы. Мұнда партиямыздың шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге келген москвалық, краснодондық, сталинградтық, новоросийлік механизаторлар жұмыс істейді.

Совхоз коллективі бірінші кезекте алынған 20 тракторды үш бригадаға бөліп де қардың жаппай кетуін күтпей-ақ, жерді іріктеп жырта бастады. Бригадалары москвалық И. Кораблев, сталинградтық П. Князев, кубандық В. Пчелинцев жолдастар басқарады. Бұл бригадалардағы механизаторлар әрбір трактормен сменалық тапсырманы кемінде 115 проценттен орындауға, машинаның техникалық күтімін жақсарту арқылы оның қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, едәуір жанар майлары үнемдеуге міндеттемелер алып, өзара социалистік жарысқа түсті.

Совхозда үстемдіктегі көктемде 850 гектар алаңға ауылшаруашылық дақылдарын егу жоспарланған. Механизаторлар өзара социалистік жарыста алған көтеріңкі міндеттемелерін орындай отырып, алғашқы 5 жұмыс күні ішінде 1100 гектар тың көтерді. Жарыстың кәзіргі барысында Князев жолдас басқарған трактор бригадасы алда келеді. Бұл бригададың мүшелері 6 «ДТ—54» тракторларымен 5 күнде 300 гектар тың жыртып, Ал. «С—80» тракторларымен жабдықталған Пчелинцев, Кораблев жолдастар басқаратын трактор бригадаларының әрқайсысы 400 гектардан тың көтерді.

Озат тракторшы Д. Найденов, В. Каплан, Н. Шевченко жолдастар смена сайын 9—11 гектар жер жыртып, тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүр.

Совхоз коллективі дискелі және тісті ауыр тырмалардың алғашқы бір тобын алысымен жыртылған жерлерді өңдеуге кірісті. Бұл жұмысты Князев жолдас басқарған озаттар бригадасы атқарады.

Совхоз механизаторларының алдында быйыл 1955 жылдың егісі үшін 21000 гектар тың жер игеру міндеті тұр. Кәзір Пчелинцев, Кораблев жолдастар басқаратын бригадалардың бірнеше тракторы бұл міндетті атқаруға кірісті.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде Жамбыл атындағы колхозда (Октябрь ауданы) жұмыс істейтін Семиполка МТС-нің № 9 және № 10 трактор бригадалары да айтарлықтай табысқа ие болуда. Бұлардағы механизаторлар машина қуатын өнімді пайдалана отырып, 500 гектар тың көтерді. Сөйтіп, үстемдіктегі көктемде тыңға егілетін дәнді дақылдар үшін керекті жерді жыртуды аяқтап шықты. Кәзір жыртылған тың жердің 300 гектардан астамы тырмаланып, 200 гектарға жуығына жаздық қатты бидайдың тұқымы себілді.

Озат тракторшы Иванов, Брянцев жолдастар «ДТ—54» тракторымен, Муков, Қажығұмаров жолдастар «СТЗ—НАТИ» тракторымен сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындап, социалистік жарыста алда келеді.

Озат механизаторлар

Октябрь ауданындағы бірқатар МТС-тердің механизаторлары егіс жұмыстарында еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Олар өздерінің барлық күш- мүмкіншіліктерін тың жерлерді көптеп игеруге, сөйтіп, егіс жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы аяқтауға жұмылдырды. Солардың бірі — Торангүл МТС-нің А. Финк жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері. Бұл бригада тың жерлерді көтеруде күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Тракторшылар И. Хромов және А. Фильдберг жолдастар «С—80» тракторымен смена сайын 11—12 гектардан жер жыртады. Ал, тракторшы Заикин жолдас өзінің сменалысымен «ДТ—54» тракторының қуатын өнімді пайдалана отырып, үш күнде 50 гектарға жуық тың жер жыртып.

Осы МТС-тің № 4 трактор бригадасының мүшелері де жер жырту, тұқым себу жұмыстарында үздік табыстарға ие болуда. Тракторшы Қ. Сәрсекеев және Б. Сулейменов жолдастар «У—2» және «СТЗ» тракторларымен екі сменада 80 гектар жерге жаздық бидайдың тұқымын тарқатарлы әдіспен септі.

Бұл күндері МТС-тің механизатор әйелдері де егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу жолындағы күресте зор белсенділік көрсетуде. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеуші Тамара Обухова және Татьяна Яковлева жолдастар «СТЗ» тракторымен үш күнде 170 гектар біржылдық және көпжылдық екіп шөптер егісін екті.

Семиполка МТС-нің Жиентаев және Нұрпейісов жолдастардың басқаруындағы трактор бригадаларының мүшелері тың жер көтеруде МТС трактор бригадаларының социалистік жарысында алдыңғы қатарда келеді. Бұл бригадалардың мүшелері түгелінен сменалық жұмыс тапсырмаларын толық және артығымен орындап жүр.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

Өнімді еңбек

Соколов МТС-нің С. Сейткашев жолдас басқаратын трактор бригадасы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Бригада

Егісті тез, сапалы аяқтау үшін күрес

жарыстың барысына үнемі назар аударылып, озаттардың жұмыс тәжірибелері кеңінен насихатталады, кемшіліктер батыл сынға алынады. Сөйтіп, механизаторлардың қажырлы еңбегі трактор паркiнiң қуатын толық пайдалану, көктемгi дала жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзiмде өткiзу мiндетiне бағыттырылады.

Осының нәтижесiнде трактор бригадаларында механизаторлардың социалистік жарысы күннен-күнге қызу түсуде. «Борьба за коммунизм» колхозында жұмыс істейтін Игнатенко және Ландыш жолдастар басқарған трактор бригадалары Май мерекесін көктемгi егiс үшiн тың және тыңайған жерлердi жырту жөнiндегi жоспарды толық орындаумен қарсы алды. Көктем Совет МТС-нiң барлық трактор бригадалары көктемгi егiс үшiн тың және тыңайған жерлердi игерудi толық аяқтағаны жөнiнде рапорт бердi. Механизаторлардың бұл алғашқы табысы—партия ұйымының мазмұнды ұйымдастырған бұқаралық-саяси жұмысының нәтижесi.

Дегенмен, кейбір партия ұйымдары егiшiлер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру мәселесiне немқетпi қарал, көктемгi дала жұмыстарын жүргiзуде елеулi кемшiлiктерге жол берiп отырғанын атап айту қажет. Облыста дала жұмыстарының қарқыны баяу, оның кейбір жерлерде сапасы төмен болуының басты себептерiнiң бiрi—егiшiлер ара-

ның қаулылары жөнiнде шешесе басқа тақырыптарда егiсiмге өткiзгенде, оны егiшiлердiң социалистік жарыста алған мiндеттемелерiнiң орындалуымен байланыстырып, колхозшыларды, механизаторларды еңбек өнiмдiлiгiн еселеп арттыруға жiгерлендiре бiлудерi керек. Сонымен қатар, үгiшiлер жұмыстағы кемшiлiктердi батыл жою жөнiнде қажеттi шаралардың жүзеге асырылуына жетiсуге тиiс. Озаттардың жұмыс тәжірибелерiн жалпының игiлiгiне айналдыру үгiс жұмысындағы ең басты мiндеттердiң бiрiнен саналады.

Партия ұйымдары үгiшiлердiң семинарларын кезiнде өткiзiп, онда саяси үгiтi ұйымдастыру жөнiнде қажеттi кеңес берiп отыруға тиiс. Бұл жөнiнде бастауыш партия ұйымдарына аудандық партия комитеттерiнiң секретарлары бастаған нұсқаушылар тобы көп көмек көрсете алады. Егiшiлер арасындағы саяси жұмыс үгiшiлердiң әнгiмелерiмен бiтпейдi. Аудандық партия комитеттерiнiң баяндамашылар тобы, саяси және ғылыми бiлiмдер тарату қоғамының лекторлары, мәдени-ағарту мекемелерi тiкелей егiс бригадаларында баяндама жасау, лекция оқу, кинофильмдер көрсету жұмыстарын кең көлемде ұйымдастыруға мiндеттi.

Егiшiлер арасындағы саяси жұмыстың өрiсi кең, дәрежесi жоғары болсын. Партия ұйымдарының алдында тұрған басты мiндеттердiң бiрi, мiне, осы.

Теміржол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесі

Москвада, Кремльдің Үлкен Сарайында темір жол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесі жұмыс істеді бес күн.

8 майда Жол қатынас министрі Б. П. Бещев жолдастың баяндамасы бойынша жарыссөзде Уфа темір жолының Абдулла дистанциясының бастығы И. В. Сапожников сөйледі. Ол жол шаруашылығын оған әрі жақсарту мәселелеріне тоқталды.

Мұнан кейін ду ұзақ қолшанапалқтаумен қарсы алынған ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Л. М. Каганович жолдас ұзақ сөз сөйледі.

10 майда кеңес өз жұмысын соза береді. Танертеңгі сағат 10-да транспорт шаруашылығының әртүрлі тараулары бойынша 14 секцияның жұмысы басталады.

(СОТА).

ҚЛКЖО обкомі мен Пепропавл совхоздар пресінде

Совхоздардағы жастар трактор бригадаларының егiс жұмыстарын кезiнде және сапалы орындау, барлық дақылдардан жоспарлы өнiм алу, тракторлар мен басқа техниканы жоғары өнiмдi пайдалану жолындағы облыстық социалистік жарысы ұйымдастырылсын.

Совхоз механизаторларының жалпы жарысында ең жақсы көрсеткiштерге ие болған жастар трактор бригадалары жарыста жеңiп шыққандар болып есептеледi. Жарысушы бригадалар үшiн бiрiншi бiр сыйлық, екiншi екi сыйлық және үшiншi үш сыйлық тағайындалады.

Жарыста жеңiп шыққан бригадаларға ҚЛКЖО обкомі мен совхоздар тресiнiң ауыспалы Қызыл туы берiледi. Сол сияқты, бiрiншi орынға ие болған бригада облыстық комсомол комитетiнiң Күрмет кiтабына жазылады және оған 1 мың сомдық бағалы сыйлықтар берiледi. Бригада мүшелерi облыстық комсомол комитетiнiң Күрмет грамотасымен наградталады.

Жарыста екiншi орынға ие болған

бригадалар облыстық комсомол комитетiнiң Күрмет кiтабына жазылады және олардың әрқайсысына 500 сомдық бағалы сыйлықтар берiледi. Бригаданың мүшелерi облыстық комсомол комитетiнiң Күрмет грамоталарымен наградталады.

Жарыста үшiншi орынға ие болған бригадалар облыстық комсомол комитетiнiң Күрмет грамотасымен наградталады және олардың әрқайсысына 300 сомдық бағалы сыйлықтар берiледi.

Совхоздардың дирекциялары аудандық комсомол комитеттерiмен бiрлесеп отырып, жылына екi рет: 15 июньде және 15 ноябрьде жастар трактор бригадаларының жарысының қорытындыларын шығарады.

Көктемгi жазғы маусымда ең жақсы көрсеткiштерге ие болған жастар бригадалары жарыста бiрiншi орынды жеңiп алуға кандидат болып ұсынылады.

ҚЛКЖО обкомі мен совхоздар тресі 1954 жылғы 15 ноябрьде жарысты біржолата қорытындылайды.

Говалас, оның сменашысы Иваненко жолдастардың еңбегі ерекше көзге түсуде. Бұлардың әрқайсысы «ДТ—54» тракторымен смена сайын 6 және 6,3 гектар тың жер жыртып, тапсырмаларын асыра орындап келеді. Говалас жолдас тұқым себуда де жақсы көрсеткіштерге ие болып жүр. Ол смена сайын 45 гектардың орнына, 65—70 гектар жерге тұқым себуда. Сонымен бірге, тұқымдық дәннің тиісті тереңдікке сіңірілуіне ерекше назар аударады.

Бұлардан Живалупов, Сердюков, Полонинкин жолдастар да қалысар емес. Олар машинаның техникалық күтімін жақсартып отырып, сменалық тапсырмаларын толық және асыра орындап келеді. Механизаторлар еңбек өнімділігін арттырумен бірге, жанармайын үнемдеу жөніндегі міндеттемелерін аброймен орындауда. Олардың әрқайсысы әрбір смена сайын 15—20 килограмм жанармай үнемдеп келеді.

Бригада мүшелерінің өнімді жұмыс істеуіне МТС пен колхоз басшылары жақсы жағдай туғызып отыр. Біз МТС-пен үнемі байланыс жасап отыратын радио орнатылған кең, жайлы, жаңа шатырда тұрамыз. Шатырдың бір жағында саяси және көркем әдебиет кітаптары мол, жаңа газет, журналдар жиі келіп тұратын кітапхана бар. Механизаторлар жұмыстан бос уақыттарын осында өткізеді. Бригададағы комсомол тобының жетекшісі М. Папин жолдас бригада мүшелерімен жиі-жиі әңгімелер өткізіп отырады.

Біздің бүгінгі мақсатымыз — көктемгі егiс жұмыстарын неғұрлым тез және сапалы аяқтау, сөйтiп, егiннен мол өнiм алуды қамтамасыз ету. Трактор күшiн өнiмдi пайдалануды жақсы ұйымдастыра отырып, бiз бұл мақсатты ойдағыдай орындап шығамыз.

М. БУТЕНКО,

Булаев ауданы, Калинин атындағы МТС-нің комсомол-жастар трактор бригадасының бригадирі.

үшін күрес

Колхозшылар быйыл дәнді дақылдардың көлемін 4774 гектарға жеткізуге, егiннiң әрбiр гектарынан орта есеппен 95 пұттан, яғни, 965 гектар тыңға егiлген жаздық бидайдың гектарынан 20 центнерден өнiм алуға мiндеттенiп, егiс жұмыстарын ұйымдасқан түрде бастады.

Бiзде өткен жылы быйылғы егiс үшiн 2 мың гектардан астам жер дайындалғанды. Оның 565 гектары тың және тыңайған жерлер. Быйыл көктемде тағы да 400 гектар тың көтерiп, оған тұқым себемiз.

Колхозшылар Совет МТС-нiң механизаторларымен бiрлесеп отырып, быйыл көктемгi егiс жұмыстарын тың жерлердi көтеруден бастады. Олар тракторлардың қуатын тың жер жыртуға өнiмдi пайдалана отырып, 6 жұмыс күнi iшiнде 400 гектар орнына, 410 гектар тың жер жыртып, оны агротехникалық ережелерге сай өңдедi. Кәзiр бұл жерлерге қатты жаздық бидай тұқымы себiлiп те болды. Бұдан басқа өткен жылы жыртылған 350 гектар тың және тыңайған жерлер дискеленiп, 500 гектар жер тырмаланды.

Егiс жұмыстарындағы Совет МТС-і механизаторларының еңбегін атап өту керек. Колхозда МТС-тің төрт бригадасы бар. Бригадалардың құрамында 18 трактор болса, олардың көпшілігі шыңжыр табанды тракторлар. Егiс жұмыстары басталғалы барлық тракторлар тәулiк бойы тоқтаусыз жұмыс iстеп жүр.

Әресе, М. Игнатенко, И. Ландыш жолдастардың басқаруындағы бригадалардың мүшелері еңбекті тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Тракторшылар Г. Бруховец және И. Чернобаев жолдастар «С—80» тракторларымен бір сменада 10,6 гектар орнына, 11—12 гектардан тың жер жыртып жүр. Тракторшылар А. Филатов, С. Булгаков, А. Плотников жолдастар да

«ДТ—54» тракторымен смена сайын 6—7 гектардан жер жыртуда.

Тракторлардың еңбек өнiмдiлiгiнiң жақсы болуының басты себебi—механизаторлардың еселеген қарқынмен жұмыс iстеуiне барлық жағынан қолайлы жағдайлардың туғызылуы болып саналады. Бiз әрбiр трактор бригадасын әрбiр егiс бригадасына бекiттiк. Ол бригадалар жұмысты зор ынтымақпен iстейдi.

Быйыл колхозда картоп, оwoць дақылдарының көлемін ұлғайту мiндетi тұр. Колхоз басқармасы құрамында 49 колхозшысы бар огород бригадасын ұйымдастырды. Бұл бригаданы тәжірибелі огородшы Л. Глушко жолдас басқарады. Бригада мүшелері егiс алаңын жергiлiктi және минералдық тыңайтқыштармен тыңайту, аңызды маркерлеу жұмыстарын қызу жүргізуде.

Огородшылар картопты және оwoць дақылдарын шаршы- ұялап отырғызатын болады. Мұның өзi бұл дақылдардың өнiмi мол болуына және картоп пен оwoцьтардың қатаралықтарын баптау жұмысының механикаландырылуына мүмкiндiк бередi.

Бiз егiс жұмыстарының алғашқы күндерінде елеулi табыстарға ие болдық. Бiрақ, алдымызда әлi де зор жауапты мiндет тұр. Ол—20 майға дейiн көктемгi егiстi агротехникалық ережелерге сәйкес өткiзу, сөйтiп, егiннен мол өнiм алудың негiзiн қалау. Бiз бұл мiндеттi аброймен орындап шығамыз. Оған колхозшылар мен механизаторлардың бұл күндердегi қажырлы және табысты еңбектерi кепiл.

К. ӘУБАЕВ,

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының председателі.

мүшелері техника қуатын өнiмдi пайдаланып, жердi өңдеуде агротехникалық ережелердi мұқият жүзеге асыра отырып, егiннен жымы- жыл мол өнiм алуды қамтамасыз етiп келедi. Сондықтан ол МТС-тегi озат трактор бригадаларының бiрiнен саналады.

Механизаторлар жер жұмыстаудағы көп жылдық тәжірибелеріне сүйене отырып, кәзiр тың жерлердi игерудi қызу жүргiзуде. Өзара социалистік жарыста, әресе, тракторшы И. Кукмицкий жолдастың ағрегаты алда келедi. Кукмицкий жолдас «ДТ—54» тракторымен смена сайын 5,7 гектардың орнына, 7—8 гектар тың жер жыртып жүр. Кувмицкий жолдастың сменалық тапсырманы үнемі асыра орынуына тіркеуші болып істейтін оның әйелі Лидияның да қосқан үлесі бар. Ол жер қыртысының кемінде 20-22 сантиметр тереңдікте жыртылуы, плугтің үнемі қалқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырады.

Сол сияқты, Кукмицкий жолдастың сменашысы В. Юдичев жолдас та тапсырмасын үнемі толық және асыра орындап жүр. Механизаторлардың осындай өнiмдi еңбегiнiң нәтижесiнде бригада аз күн iшiнде 150 гектар тың көтердi және оны сапалы өңдеп, жаздық бидай тұқымын септi.

Х. РАХМАТУЛЛИН,

СМЕНАСЫНА БІРЖАРЫМ-ЕКІ НОРМА

Полудень ауданы, Сталин атындағы колхозда жұмыс істейтін Полудень МТС-нің Казанцев жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторлары Иванеще, Енько, Далаев жолдастар трактор қуатын өнiмдi пайдалана отырып, сменалық тапсырмаларын үнемі 1,5—2 есе орындап жүр. Олар тракторларға май, су құюға, сменаларды ауыстыруға кететін уақытты барынша үнемдеуде. Тракторшылардың еңбек өнiмдiлiгiн арттыруына бригаданы қамтйтып колхозшылар да зор көмек көрсетiп келедi.

В. АҚТАНОВ.



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Киев. Қаланың орталық магистралі —Крещатик. 2. Азербайжан ССР-і. Металлургтер қаласы —Сумгаитте үлкен құрылыс жүргізілуде. Быйыл мұнда 4 мектеп, 5 балалар бақшасы, медицина қалашығы, қолөнер училищесі, мәдениет үйі, байланыс үйі салынып бітеді. 40 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдаланылуға беріледі. (СОТА-ның фотохроникасы).

Картоп және овощь өнімдерінің молшылығын жасау—аса маңызды міндет

Ұйымшылдықпен өткіземіз

Өткен жылы біздің совхоздың коллективі картоп және овощь дақылдарынан мол өнім жыйнап, мыңдаған сом ақшадай табыс тапты. Жүздеген центнер картоп, овощь өнімдерін аудан және қала еңбекшілеріне сатты.

Коллектив мүшелері әлі де болса бұл дақылдарды егу және өсіру жөнінде совхозда елеулі кемшіліктердің барлығын ескере отырып, быылғы жылы бұл егістердің көлемін өткен жылғыдан 30 процент ұлғайтуға ұйғарып отыр.

Совхозда 2 огород бригадасы ұйымдастырылды. Ол бригадаларды тәжірибелі огородшылар Романенко және Давыдьян жолдастар басқарады. Кәзіргі уақытта бригада мүшелері картоп пен овощь отырғызылатын жерлерді жергілікті және минеральдық тыңайтқыштармен тыңайту, картоп тұқымын іріктеу, овощь тұқымдарын яровизациялау жұмыстарын жүргізуде. № 1 фермада 9 парник шаруашылығы бар. Онда овощьтардың көшеттері өсірілуде.

Быыл огородшылар алғашқы рет картоп пен овощьтарды шаршы-ұялап отырғызады. Бұған кәзір әзірміз. Картоп пен овощьтарды отырғызу жұмыстары негізінен механикаландырылады. Совхозда «Белорусс» тракторы бар. Бұл трактормен дақылдардың қатараралықтарын да жұмыстаймыз.

Совхоз огородшылары үстіміздегі жылы картоптың әрбір гектарынан 120 центнерден, овощьтардың гектарынан 175 центнерден өнім алуға міндеттеме алды. Олар алған міндеттемелерін аброймен орындап шығудың негізгі қадамы—картоп пен овощь дақылдарын егу жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісіп, оны агротехникалық ережелерге сай өткізеді. Сөйтін, картоп, овощь молшылығын жасау күресіне өз үлестерін қосады.

П. ДВОРЕЦКИЙ,

Мамлют совхозының директоры.

ОВОЩЬ ОТЫРҒЫЗУҒА ӘЗІР

Петропавл сүт-овощь совхозында быыл 50 гектар овощь дақылдары —помидор, капуста, кыяр, низ және сабіз егіледі. Совхоз коллективінің бұл дақылдардың көшеттерін шымтезек-шірінді құмыраларда өсіру жөнінде бай тәжірибелері бар. Кәзір сол тәжірибелеріне сүйене отырып, теплицаларға қойылған шымтезек-шірінді құмыраларында помидордың жақсы көшеттерін өсіруді және кыяр себуге ойдағыдай әзірленуде.

Біздің облыстың ауа райы жағдайына байланысты кыяр тұқымы әдетте май айының аяқ кезінде себіледі. Совхоз овощь өсірушілері быыл қала халқына



Петропавл ауданының Асанов МТС-і картопты шаршы-ұялап отырғызатын СКГ-4 екі сеялкасын алды. Осы машиналардың құрылысымен және жұмысымен таныстыру үшін МТС жанынан машинистердің курсы ұйымдастырылған еді. Курсты 18 адам бітіріп шықты.

СУРЕТТЕ: МТС-тің бас агрономы В. Степанов жолдастың егіске шығар алдында курсанттарға картопты шаршы-ұялап отырғызу әдісін іс жүзінде көрсетіп тұрған кезі.

ТҰҚЫМ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Картоп, овощь дақылдарының көлемін ұлғайту және олардың шығымдылығын арттыру, халқымыздың бұл дақылдар өнімі жөніндегі өскелең қажеттерін басынша қанағаттандыруға жағдай жасап қана қоймай, қоғамдық малды құнарлы азықпен қамтамасыз етуге де мүмкіндік туғызады. Мұны жете түсінген Булаев ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары картоп пен овощьтан жыл сайын мол өнім жыйнап келеді. Мысалға «Гигант» колхозын алайық. Бұл колхоздың егіс алаңына өткен жылы 24 гектар картоп, 6 гектар овощь дақылдары егілген еді. Онан мол өнім алынды. Колхоз овощь сатудан ғана 200 мың сом ақшадай табыс енгізді. Мемлекетпен есеп айырысқаннан кейін 1.200 центнер картоп, 70 центнер овощь сатылды. Колхоз мұндай табыстарға картоп, овощь егуге күнібұрын жақсы әзірленудің және оны отырғызуда агротехникалық ережелердің жаңа әдістерін қолдана білудің арқасында ие болды.

Быыл мұнда бұл дақылдар көлемі өткен жылға қарағанда екі есе ұлғайтылмақ. Огород бригадасының мүшелері картоп, овощьтан бұрынғыдан да мол өнім жыйнауды көздеп отыр. Оған қажетті мүмкіншіліктер толығынан бар. Егістік жерге қар қалық тоқтатылған және 750 тонна көң, 50 центнер күл, 10 центнер күс саңырығы әзірленген, 370 центнер

бас инженердің өзінің егіске әзірлікте жайбарақаттыққа салынғандығын дәлелдейді. Шынында, осы МТС қамтуындағы колхоздарда картоп, овощь егістерін шаршы-ұялап отырғызу әдісін қолдануға әзірліктің барысы өте-өте қанағаттандырығысыз. Сол сияқты, МТС қамтуындағы колхоздар аудандық «Сельхознабтан» 1400 центнер минеральдық тыңайтқыштар сатып алуға тиіс еді, оған бірде-бір колхоз әлі кіріскен жоқ.

Булаев МТС-інде де картоп, овощь егуге жаңа әдісті қолдануға әзірлік нашар. МТС-тің директоры Лепехин, механигі Дорощев жолдастар бұл жұмысты ойдағыдай өткізуге қолда бар мүмкіншіліктерді пайдаланбай отыр.

Ауданда керекті картоп тұқымының 320 центнері жетпейді. Калинин атындағы колхозда картоп тұқымының 39 проценті, «Новый путь» колхозында 52 проценті ғана бар. Ал, Ленин атындағы колхозда қажетті 200 центнер тұқымының бірде-бір центнері дайындалған жоқ.

Картоп, овощьтан мол өнім алуда жергілікті және минеральдық тыңайтқыштарды көптеп әзірлеудің зор маңызы бар. Бұл жөнінде участоктік агрономдар колхоздарға үнемі көмек көрсетулері керек. Алайда, Стаханов атындағы, Калинин атындағы, «Новый путь» колхоздарының агрономдары Мельников, Толочер және Тобочнев жолдастар тыңайтқыштар әзір-

Жаңа баулар

ЧКАЛОВ. Жеміс ағаштарын жаппай отырғызу ісі басталды. Жаңа баулар жасап жатқан колхоздардың саны көбейді. Ауылшаруашылық артельдері жеміс ағаштарын егуге 350 гектар жер, жидектіктер егуге 180 гектар жер әзірледі. Андреев ауданының Куйбышев атындағы ауылшаруашылық артелінде өткен жылы төрт гектар алма ағаштары жеміс берді. Әр гектардан жоспар бойынша 15 центнер орнына 22 центнерден алма жыйналды.

Кәзір 35 колхозда жеміс-жидек өсіру маманы-агрономдар бар, ал 20 МТС-те бас агрономдардың жеміс-овощь егістері жөніндегі орынбасарлары бар. 14 жеміс питомниктері көптеген отырғызатын шалбықтар әзірлеп қойды.

ЖАЛАЛ-АБАД. Облыстың колхоздарында жас жеміс баулары шешек атты.

Көктемде облыстың колхоздары баулардың көлемін 160 гектар ұлғайтты; жүзімдіктер 80 гектар ұлғайтылды.

ОМСК. Жылы күндер туысымен-ақ облыстың колхоздары жаңадан бау отырғызуға және ескі бауларды кеңейту жұмысын бастады. Ульянов ауданының Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелинің колхозшылары ең үлкен бауды—72 гектарлық бауды жасауда.

Көктемде облыстың колхоздарында 669 гектар жаңа бау отырғызу белгіленді, бұл өткен жылғыдан 1,5-есе артық.

(СОТА).

Липецкінің курортында

ЛИПЕЦК. (СОТА). Еліміздің көктемгі курорттарының бірі—Липецкінің курортында бүгін көктемгі-жазғы маусым басталды. Курорттың сауықтырғыш тамаша төтті сулары және ем үшін қолданылатын саздары бар. Мұнда демалуға Совет Одағының барлық түпкірлерінен адамдар келді.

Курорт жылдан-жылға кеңейтіліп, көркейтілуде. Соғыстан кейінгі жылдарда онда адамдардың демалып, емделуін қамтамасыз ету бес есе арттырылды. Мұнда сумен және сазбен емдейтін орындар қайта құрылды, поликлиникалар мен емдеу кабинеттері ең жаңа аппараттармен толықтырылды, емдеу корпусы күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңа асханалар, жазғы курорт залы салынды.

Быылғы жылы жаңа құрылыстар салуға және күрделі жөндеуге 1 миллион сомнан аса қаржы жұмсалды. Бірқатар санаторийлерді кеңейту белгіленіп отыр. Сазбен емдейтін орындарды қайта жабдықтау, сумен емдейтін орындарда жаңа бес қондырғыларын жабдықтау жобаланды.

Жыл бойына курортта бес мыңнан аса адам дем алады.

Өзбекстанның колхозды селоларын радиоландыру

ТАШКЕНТ. (СОТА). Өзбекстанның колхозды қыстақтарының тұрмысын-

СОТА-НЫҢ ХАБАРЫ

Ағылшын премьер-министрі У. Черчилль мырзаның консервативтік партияның «Примроз-лиг» ұйымының жыл сайынғы жыйналысында сөйлеген сөзі туралы баспасөзге хабарлар жарияланды, бұл сөзінде премьер-министр Англияның Совет Одағымен қатынастарын жақсартуға және тілектестік сезімге бөленген байланыстар орнатуға шақырған.

СОТА-ға мәлім болғанындай, Англия премьер-министрінің бұл сөзі Совет Одағының басшы топтарында дұрыс көзқарас тудырды. Осыған байланысты өз тарапынан әзірлік білдіретін барлық елдермен арадағы қатынастарды жақсартуға және ынтымақты дамытуға Совет Үкметінің үнемі ұмтылып келгендігіне назар аударылуда. Басшы совет топтарында мынадай сенім білдірілуде: Англия мен Совет Одағы арасында қатынастарды жақсартып, ынтымақты дамыту бұл мем-

лекеттердің екеуіне ғана емес, сонымен бірге халықаралық бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға мүдделі болып отырған барлық басқа елдерге де пайда келтірген болар еді және ең алдымен Европа елдеріне пайда келтірген болар еді.

Мемлекеттер арасында, олар әртүрлі әлеуметтік системаларға жататын болса да, ынтымақты және өзара тиімді экономикалық байланыстарды ұлғайту қажет екендігін дүние жүзі елдерінің көпшілігінде мемлекет қайраткерлерінің барған сайын көп бөлегі мойындап, қолдап отыр.

Халықаралық істердегі саясаттың мұндай бағытына тек агрессиялық мақсаттарды көздейтін, өздерінің тар өрісте өзіншілдік мүдделерін адамзаттың бейбітшілігі мен көркеюі мүдделерінен жоғары санайтын жеке елдердегі билеуші топтар ғана қосылмай, бұл бағытқа дұшпандықпен қарсы шығуда.

Мақсатымыз—халық тілегін өтеу

Артель коллективі талаудағы екі-үш жылдың ішінде халық үшін азық-түлік молшылығын жасау жөнінде алға қойылған міндеттерді аброймен орындау ісіне өз үлесін қосу жолында аянбай еңбек етіп келеді. Бұған біздің күш-мүмкіншілігіміз жеткілікті.

Азық-түлік товарларын өндіру жоспарын мінсіз орындау қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалануда ғана мүмкін екенін артель жұмысшылары жақсы біледі. Міне, сондықтан да олар жыл басынан бері өндіріс мүмкіншіліктері мен резервтерін сарқа пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысқа қызу ұнтасты. Бұл өзінің айтарлықтай нәтижелерін беріп отыр.

Біздің артель осы жылғы бірінші тоқсанда 1 миллион 461 мың сомның өнімін шығаруға тиісті болса, оның орнына 1 миллион 645 мың сомның азық-түлік товарларын шығарылды. Артель жұмысшылары халықаралық мереке—Бірінші май күрметіндегі социалистік жарысқа жаппай ұнтасып, өздеріне көтерілкі міндеттемелер алған болатын. Олар бұл міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Оны апрель айының жұмыс қорытындысынан айқын көруге болады. Бұл айда біз 353 мың сомның нұжық, кондитер тағамдарын және басқа да азық-түлік товарларын шығаруға тиісті болсақ, мұның орнына 374 мың сомның өнімін бердік.

Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жолындағы социалистік жа-

рысты кейінен өрістету жөніндегі хаты жұмысшылар арасынан зор қолдау тауып, жаңа өрлеу туғызды. Еңбек өнімділігін арттыру күресінде аға мастер А. Филиппова жолдас басқарған пряник жасайтын цехтың коллективі үздік алды келеді. Бұл цех өндіріс құрал-жабдықтары тиімді пайдаланудың нәтижесінде осы жылғы төрт айдың өндірістік жоспарын 126,3 процент орындады. Цех бірінші тоқсанда 127 мың сомның прянгін жоспардан артық шығарды, ал, апрель айында 81 мың сомның азық-түлік товарларын жоспардан тыс өндірді.

Аталған цехта еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген жұмысшылар мен мастерлер аз емес. Мұндайлардың қатарында мастерлер: Шихринова, Королева, Костина жолдастар бар. Бұлар сменалық тапсырмаларын ұдайы 150—170 проценттен орындай жүр.

Цех жұмысшылары еңбек өнімділігін бұдан да арттыру түсіні, жарты жылдық жоспарды бірінші июньге дейін өнімнің барлық түрлері бойынша толық орындап шығуға міндеттеме алып отыр.

Қолда бар өндіріс мүмкіншіліктері мен резервтерін тиімді пайдалана отырып, артель коллективі өнім шығаруды ұлғайтуда және оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту күресінде жаңа табыстарға жетеді. Оған біздің кәзіргі қол жеткен табыстарымыз толық кепіл.

М. АЛШЫНБАЕВ.

Қаладағы «Прогресс» кәсіпшілік артелинің председателі.

Жаңа сауда орындары

Приеміш ауданының орталығы—Боголюбово селосында аудандық универсалды магазин құрылысы аяқталып келеді. Магазин өнеркәсіп және азық-түлік товарларын сататын бес бөлімнен тұрады. Аудан еңбекшілері одан жүн, жібек маталарын, тігулі қимдерді, чайды, тұзды, кондитер тағамдарын, ірімшік, нан, бұл-қа тағамдарын және шаруашылық тағам-

сауда жүйелеріне 22 магазиндер мен дүкендер қосылады. Селолық магазиндер мен дүкендерге көпшілік тұтынатын товарлар үстіміздегі жылы өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп түседі.

Жаңадан құрылатын совхоздарда сауда жұмысын ұйымдастыруға зор көңіл бөлінуде. Оларда бірнеше магазиндер мен асханалар ашылады. Жаңадан ашылатын

көшеттерін теплицаларда өсіріп алады, содан кейін көшеттерді шымтезек-шірінді құмыраларға отырғызып егістік алаңға орналастыруды ұйғарып отыр.

Совхоздың парник шаруашылығы быыл едәуір ұлғайтылып, 1700 парниктің рамаға жеткізілді. Овощь өсірушілер 300 мың шымтезек-шірінді құмыраларын, отамалы дақылдары егілетін алаңдарды үстеп қоректендіретін едәуір жергілікті және минералдық тыңайтқыштар әзірледі.

—СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, —дейді агроном Свитов жолдас, —біз быйыл овощтан көп өнім алатын боламыз.

А. МЕРГЕНОВ.

ған. Бригада мүшелері мыңдаған шымтезек-шірінді құмыраларын жасады. Сол сияқты, 500 центнер картоп тұқымы дайындалды. Овощь егісінің тұқымы да жеткілікті. Огород бригадасына 50 адам бөлінген.

Алайда, осындай озат колхоздардың тәжірибесі аудан колхоздарына кеңінен насихатталмай, ол көпшіліктің игілігіне айналдырылмай келеді. Көптеген колхоздарда картоп, овощь егістерін егуге әзірлік әсересе, шаршы-ұялап отырғызу әдісіне әзірлік нашар. Калинин МТС-нің бас инженері Л. Скалазубов жолдаспен әңгімелескенімізде ол: «картоп, овощь егісіне асығуға болмайды, өйткені, әлі уақыт көп» дейді. Әрине, бұл құрғақ сөз

леуге мән бермей жүр. Аталған жолдасдарда оғордтық алаң үшін көп, құл, құс сабырығын жыйнау жұмыстары әлі күнге қолға да алынған жоқ.

Көптеген колхоздарда оғордтық бригадалар мен звенолар формальді түрде ұйымдастырылған. Ол бригадалардың мүшелерімен жұмыс жайында әңгіме, семинар өткізу ескерілмей келеді.

Колхоздардың көбі картоп, овощь егісіне егуге нашар әзірлікпен кірісейін деп отырғаны аудан басшыларына да мәлім. Бірақ, олар орын алғай кемшіліктерді жоюын, жағдайды жақсартудың батыл шараларын қолданбай келеді.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

каның жүздеген ауылшаруашылық артельдерінде радиотораптары жұмыс істейді.

Янги-юл және Орджоникидзе аудандарында колхозды қыстақтарды жаппай радиоландыру радио күніне дейін негізін аяқталды. Орджоникидзе ауданының Пушкин атындағы ауылшаруашылық артелинің колхозшылары тамаша сыйлық алды. Мұнда біріктірілген кино-радио-қондырғысы жабықталды. Быйылғы жылы республиканың көптеген колхоздары осындай біріктірілген қондырғылар алады.

Быйылғы жылы колхозшылардың үйлерінде қосымша 110 мың радиокондырғысы орнатылады.

Үстіміздегі жылды облыстың Явленка, Смирново, Каракоға сияқты аудан орталықтарында универсалды және арнаулы магазиндердің құрылысы басталады. Конохов, Совет, Мамлют, Ленин аудандарының бірнеше колхоздарында селолық дүкендер салынады. Жыл аяғына дейін

ман сауда қызметкерлерімен қамтамасыз етіледі. Кәзіргі уақытта 23 адам сатушылар даярлайтын курста, 14 адам аспаздар даярлайтын курста, 5 адам нан пісірушілер даярлайтын арнаулы курста оқып жатыр.

И. НҮРПЕЙІСОВ.

Жаңа телефон жолдары салынды

Совет аудандық байланыс мекемесі «Игілік» және «Новый быт» колхоздарын Бірінші май мерекесіне дейін телефондандыру шараларын белгілеген еді, оны жүзеге асыру үшін қажетті телефон бағаларын, телефон сымдарын тағы басқа қажетті материалдарды жеткілікті мөл-

шерде әзірледі. Мекеменің байланысшылары телефон жолдарын сауды негізінен аяқтады.

Ә. ӘУБӘКІРОВ,

Совет аудандық байланыс мекемесінің меңгерушісі.

ПАРТИЯ ТАҚЫРЫБЫНА

Аудандық партия комитеттерінің совхоздарға басшылығы туралы

Коммунистік партия мен Совет Үкметі елімізде ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің зор программасын белгілеп берді. Кәзір ауыл шаруашылығының қызметкерлері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарларын жүзеге асырудың практикалық жұмыстарына кірісіп, ауыл шаруашылығының барлық саласында еселеген жігермен еңбек етуде. Ауыл шаруашылығын өркендету міндеті бүкілахақтық күреске айналды. Еліміздің өнеркәсіп орындары ауыл шаруашылығына отандық жаңа техниканы, басқа да қажетті құралдарды көптеп берумен бірге, мыңдаған жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей жұмысқа жіберуде.

Біздің облысымыздың ауыл шаруашылығын өркендетуде совхоздар зор роль атқарады. Облыста астық өндіруді еселеп ұлғайту мақсатында бұрынғы совхоздардан басқа кәзір жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылып отыр. Жаңа совхоздардың бәрі де астық өндірісімен шұғылданатын болады. Быйылдың өзінде облыс совхоздары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен жаздық дақылдар егісі көлемін 23,9 процент ұлғайтады, ал, 1955 жылы 1953 жылмен салыстырғанда жаздық дақылдар егісінің көлемі үш еседен астам артады. Астық шаруашылығын мұндай қарқынмен өркендету облыс совхоздарының тарихында ешқашан болған емес.

Міне, сондықтан да совхоздар отандық жаңа техниканы және өздеріне бекітіліп берілген кең көлемді қара топшырақты құралы егісті жерлерді пайдалануды мейлінше жақсарту арқылы мемлекетке астықты, сүтті, етті, жүнді және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін көптеп беруге тиіс. Ауыл шаруашылығында алдыңғы қатарлы техникамен қаруланған, мемлекеттік кәсіпорындары ретінде совхоздар рентабельді жұмыс істеп, мемлекеттік әрбір тыйынды үнемдеуге,

үлгілі шаруашылыққа айналуға және озат тәжірибені кеңінен қолдануға міндетті. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы совхоз өндірісіне оперативті басшылық жасау мәселесіне, онда ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстың нақтылы жүргізілуіне тікелей байланысты.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларына сәйкес аудандық партия комитеттері совхоздарға ерекше назар аударып, оларда ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін мейлінше арттыруға тиіс.

Совхоздарға басшылық жасауда аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдарының маңызы зор. Өйткені, бюро мәжілістері мен пленумдарда совхоз өмірінің, оның партия ұйымының түйінді мәселелері талқыланып, жұмысқа дұрыс бағыт беріледі. Сонымен қатар, жұмыстағы кемшіліктердің беті батып анылып, қатаң сынға алынады, ол кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қарар қабылданады, мұнан кейін қабылданған қарарлардың орындалуы жөнінде ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Мұның өзі совхоз жұмысын жақсарту ісіне зор көмек болып табылады. Партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдарында совхоз өмірі жөнінде мәселе талқылаудың қаншалықты пайдалы екені туралы бір мысал келтірейік.

Үстіміздегі жылдың январында Булаев аудандық партия комитетінің пленумы Ұзынкөл совхозы партия ұйымының секретары Грачев жолдасстың «Партия ұйымының жұмысы туралы» есебін тыңдады. Бұл мәселе пленумының талқылауына орынды қойылды. Өйткені, совхозда партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыс бетімен жіберілген еді. Социалистік жарыста формальдылыққа жол берілді, сын мен өзара сынға қысым жасалды. Совхоз дирекциясының шаруашы-

лық жұмысқа басшылық етуіне партиялық бақылау жеткіліксіз жүргізілді. Мұның бәрі совхоздың 1953 жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім ала алмауына, аналық малдардың орынсыз шығын болуына әкеліп соқты. Совхозта әрбір аналық 100 малдан небары 44 бұзау, 48 қозы, әрбір мезгілінен 8 торап ғана алынды. Осының салдарынан мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары орындалмады.

Мал шаруашылығының өнімділігі мүлдем төмен болды. Совхоз әрбір сауын сыйырдан 1280 литр гана сүт алып, әрбір қойдан небары 2 килограмм жүн қырықты. Совхоз мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын жоғарылатудың және ақша қаражатын ұқыпсыз жұмсаудың салдарынан мемлекетке 9 мың сомнан астам зыян келтірді.

Пленумда совхоз партия ұйымының жұмысы қатаң сынға алынды, совхоз өндірісін ұйымдастырудағы орын тепкен кемшіліктердің себебі ашылды, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты жақсарту, осының негізінде совхоздың шаруашылығындағы орын тепкен кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қарар қабылданды.

Аудандық партия комитеті пленум қаулысын жүзеге асыру жөнінде тиісті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Аудандық комитеттің секретарьлары мен нұсқаушылары совхозда жиі болып, онда ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты жолға қою жөнінде практикалық көмек көрсетті. Коммунистердің совхоз өндірісіндегі ұйымдастырушылық ролі артты. Осының нәтижесінде совхоздың шаруашылығы соңғы кезде анағұрлым жақсарды.

Мәселен, совхоз көктемгі дала жұмыстарына толық әзірлікпен кірісті, малдың шығын болуын қысқартты, малдың өнімділігін арттырып, мемлекетке сүтті көп

беретін болды. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың сол уақытымен салыстырғанда әрбір сауын сыйырдың сүттілігі 100 литр артты, мемлекетке сүт үш есе, ет 86 процент артық тапсырылды. Әрине, мұнан совхоздың жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Совхоз басшылары әлі де болса, ақша қаражатын ұқыпсыз жұмсап, өнімнің өзіндік құнының жоғарылауына жол беруде. Олай болса, аудандық партия комитеті пленумының қаулысын бақылауды онан әрі күшейтіп, совхоз партия ұйымына қажетті көмекті жақсарту беруге тиіс.

Преснов аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде де совхоздардың және олардың партия ұйымдарының жұмыстары жөнінде мәселе жиі талқыланады. Онда Буденный атындағы совхоз комсомол ұйымына партия басшылығы, Приешік совхозында қабырға газеттеріне партия басшылығы, Преснов совхозында жас коммунистер мен жұмыстың жайы және басқалары жөнінде мәселе талқылап, аудандық партия комитеті бұл мәселелердің бәрін де совхоздардың өндірістік жұмыстарымен тығыз байланыстырған. Мұндағы бір кемшілік мынау: аудандық партия комитеті белгілі бір учасқтерде тиісті жұмыстар бетімен жіберілген кезде ғана мәселе талқылауды қажет деп тауын келді. Ол жалпының игілігіне айналдыру үшін бастауыш партия ұйымдарының практикалық жұмысындағы жақсы тәжірибелерді талқылау, оны насихаттау мәселелерін ұмыт қалдырған.

Өткен жылы Преснов совхозы, сауын сыйырлар тобының бригадирі, СОКП мүшесі Шени жолдас әрбір сауын сыйырдан 3303 литрден сүт алып, 100 сыйырдан 109 бұзау өсірді. Аудандық партия комитетінің бюросы Шени жолдасстың бригадасының өндірістік табысын ескермеді.

Кейбір аудандық партия комитеттері совхоз өндірісінің мәселелерін талқылады мүлдем естен шығарады. Полушень аудандық партия комитеті соңғы екі жылдың ішінде Тоқшын совхозының директорының немесе партия бюросының есебін бірде-бір рет тыңдаған емес. Ал, Мамлют аудандық партия комитеті Мамлют совхозында кадрларды іріктен алу және тәрбиелеу жұмысының жайы тура-

лы мәселе талқылауды тек облыстық комитеттің тексерісінен кейін ғана қолға алды.

Мамлют және Тоқшын совхоздары облыста сүтті ең көп беретін шаруашылықтар екені мәлім. Сондықтан аудандық партия комитеттерінің мәжілістерінде және барлық бастауыш партия ұйымдарында ол шаруашылықтардың тәжірибелерін талқылау іске көп пайда келтірген болар еді.

Жасыратыны жоқ, бізде кейбір партия комитеттері совхоз өмірі жөнінде мәселені кейде үстірт талқылайды. Әңгіме талқыланған мәселелердің санын көбейтуге емес, оған терең талдау жасауда, кемшіліктердің сырын толық ашуда және оны жою жөнінде нақтылы ұйымдастыру жұмыстарының шараларын белгілеуде болуы керек. Бірақ, бұл талапты Совет, Ленин, Октябрь аудандық партия комитеттері толық орындамайды. Бұларда совхоз жұмыстары жөнінде мәселе жиі талқыланып, үстірт қаулы алынуы әдетке айналған. Аталған партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде тек бір тектес мәселелер: совхоздарда көктемгі егістің барысы туралы, колхоздар мен совхоздарда мал азығын дайындаудың барысы туралы, тағы осы сияқты жағдайлар жалпылама талқыланады. Сөйтіп, істің жайына толық талдау жасалмайды.

Істің орындалуын тексеруін нашар ұйымдастыру аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы ең басты кемшіліктердің бірі болып табылады. Преснов аудандық партия комитеті өткен жылы декабрь айында Буденный атындағы совхоз партия ұйымының комсомол ұйымына басшылығы туралы мәселе талқылап, өзінің қаулысына былай деп жазған болатын: «Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінің қаулысының орындалуы жөнінде бастауыш партия ұйымының секретары Фурс жолдасстың 1 апрельде есебі тыңдалын». Кәзір май айы. Алайда, партия ұйымының есебі тыңдалған жоқ. Мұндай фактілерді басқа да аудандық партия комитеттерінің жұмысынан кездестіруге болады.

Бірақтар аудандық партия комитеттері совхоздардың финансы жұмыстарына жете назар аудармайды. Совет ауданындағы бірқатар совхоздар, әсересе, Биров атың-

дағы совхоз, Булаев ауданындағы Чистов совхозы жұмысшылардың еңбекақысына бөлінген қаржыны орынсыз артық жұмсап, мемлекетке мыңдаған сом зыян келтірді. Алайда, Булаев және Совет аудандық партия комитеттері аталған совхоздардың финансы жағдайын тәртіпке келтіру мәселесімен жете нұғызданбай келеді. Бұл дұрыс емес. Кәзір партия совхоздарды рентабельді шаруашылыққа айналдыру міндетін қойып отырған кезде, партия ұйымдарының бақылау жұмыстарын мұқият жүргізуінің маңызы ерекше зор.

Совхоздарға басшылық жасау мәселесі бюро мәжілістері мен пленумдарда мәселе талқылаумен бітпейді. Кәзір партия комитеттері басшылықты тікелей совхоз өндірісіне көшіріп, партия ұйымдары мен коммунистердің ролін барынша арттыруға жетісулері керек. Бұл үшін басшы партия қызметкерлері жергілікті жерлерде жиі болып, партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде бастауыш партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсету арқылы совхоз қызметкерлерінің, ең алдымен коммунистердің белсенділіктерін арттыра берулері керек.

Кәзір бірқатар аудандарда, атап айтқанда, Преснов, Октябрь, Булаев, Совет аудандық партия комитеттерінде аудандық партия комитеттерінің секретарьлары бастаған нұсқаушылар тобы жұмыс істей бастады. Мұның өзі совхоздарға партиялық басшылықты жақсарту ісіне толық жағдай туғызады. Ендігі мәселе, аудандық партия комитеттерінің совхоздар аймағы жөніндегі топ қызметкерлерінің ұйымдастыру және саяси жұмысқа ерекше назар аударып, совхоз қызметкерлерінің өндірістік және саяси белсенділіктерін бастай білуінде, сөйтіп, совхоздарды рентабельді, үлгілі шаруашылықтарға айналдыруында болып отыр.

Коммунистік партияның совхоздардың алдына астық өндірісін ұлғайту тың және тыңайған жерлерді игеру, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде қойып отырған зор міндеттері жергілікті партия ұйымдарынан совхоз өндірісіне басшылықты мейлінше жақсартуды талап етеді.

В. БОЙЧЕНКО,

ҚКП облыстық комитеті совхоздар секторының меңгерушісі.

„Оқытушылар күні“ — әдіс ауыстырудың ең қолайлы түрі

Мектептерде, балалар бақшасында, баска да балалар мекемелерінде жас ұрпақтарды тәрбиелеу жұмысын жақсартудың бір түрі — әдіс ауыстыру болып табылады. Мұндай әдіс ауыстыру кезінде ең жақсы іс-әдістер талқыланып, олар көпшілік игілігіне айналдырылады.

Әдіс ауыстырудың түрлері көп. Педагогикалық кеңесте, әдіс ауыстыру бірлестігінің мәжілісінде, ашық сабақтарда, конференциялар мен семинарларда оқытушылар мен тәрбиешілер өздерінің жұмыс нәтижелерін ортаға салады. «Оқытушылар немесе тәрбиешілер күні» — міне, осындай әдіс ауыстырудың қолайлы бір түрі.

Облыс педагогтарының арасында кезірі аудандардың өзінде өткізілетін «Селолық оқытушылар күні» кең тараған. Өткен жылдары әр тоқсанда бір рет өткізілетін «оқытушылар күні» кезірі ай сайын өтіп отырады. Мәселен, Полудень ауданының Мәдениет үйінде жуырда болып өткен «Селолық оқытушылар күніне» 200-ден астам адам қатысты. Олар Тоқшын орта мектебінің математика пәнінің оқытушысы Беснердің «Емтиханға дайындық кезінде мен математикадан өткен материалдарды қайталауды қалай жүргізіп жүрмін» деген тақырыптағы баяндамасын тыңдады, оқытушы Лялковадың орыс тілі және әдебиет пәнін оқытудағы әдісін талқылады. Облыстық партия комитетінің лекторы Кривошеев жолдас оқытушыларға халықаралық жағдай туралы лекция оқыды. Бұдан соң оларға «Жолдас намысы» кинофильмі көрсетілді.


Ал, Кониюх ауданында өткізілген «Педагогтер күніне» қаланың 12 оқыту-

шысы қатысты. Аудан оқытушыларына оқытушылардың білімдерін жетілдіру институтының методисі Дьячков жолдас А. С. Макаренконың педагогикалық қызметі туралы лекция оқыды. Қала оқытушылары өздерінің сабақ берудегі тәжірибелерін ортаға салды, ауыл, селодан келген оқытушылар мен ауыл шаруашылығының мамандарына концерт көрсетті.

Үстіміздегі жылдың апрель айының екінші жартысында біздің облыста бірінші рет «Тәрбиешілер күні» өткізілді. Бұл «Күнге» мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін бақшалар мен балалар үйлерінің қызметкерлері қатысты. Қаладағы Крупская атындағы балалар бақшасының тәжірибелі тәрбиешісі Себреяникова және педагогикалық училищенің оқытушысы Борочевский жолдас балалар бақшасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мәселелері туралы баяндамалар жасады, тәжірибешілер Слинниа, Сафронова жолдас жас бөбектерді тәрбиелеудегі өздерінің жұмыс әдістері туралы айтты. «Тәрбиешілер күніне» қатысушылардың бәрі жарыссөзге шығып, пікір алды.

«Оқытушылар немесе тәрбиешілер күні» — жас ұрпақтарды тәрбиелеушілер үшін жұмыс әдістерін ауыстырудың ең қолайлы түрі. Сонымен қатар, ол педагогтердің ұйымшылдығын, мектеп пен балалар бақшасының байланысын нығайтады. Сондықтан «Оқытушылар күнін» жиі ұйымдастырып, оны өткізуге тығ-тылықты түрде дайындау керек.

З. САМОЖЕНОВА,
Облыстық оқытушылар үйінің директоры.



Советтік Қазақстанның қалаларында. Балқаш. Түсті прокат заводы қызметкерлерінің 43 пәтерлік жаңа үйі. Суретті түсірген В. Мирясов, (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Мәдени құрылыс мәселесіне жете көңіл бөлінсін

Булаев поселкесі облысымыздағы ірі аудан орталықтарының бірінен саналады. Бірнеше мың тұрғын адамы бар осындай үлкен аудан орталығында мәдени-құрылыс жұмыстарының жайы қандай, соған тоқталайық.

Булаев поселкесінде электр станция, монша, қонақ үйіне арналған үй жөк, коммуналдық үйлердің көпшілігінің тозығы жеткен.

Алайда, аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімі (менгерушісі Литвиненко жолдас) және поселкелік Совет (председателі Уваров жолдас) аудан орталығын көркейтеу, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеу, мәдени құрылыс жұмыстарын жүргізу мәселесімен жеткіліксіз шұғылданып келеді. Сөзімізді фактілермен дәлелдейік.

Аудан орталығындағы электр станция өткен жылғы июль айында бұзылып, жұмыс істемей тоқтап қалған болатын. Өткен жылғы электр станцияны жөндеуге бұл мақсатқа бөлінген қаржыдан тыс 17.300 сом қаржы артық жұмсалды. Ақырында жөндеу жұмыстары бітпей, аяқсыз қалды. Ал, быыл бұл электр станцияны жөндеуіп, пайдалануға беру Литвиненко жолдасстың ойына кіріп те шықпайтын көрінеді.

1950 жылы Булаев поселкесінде қоғамдық монша құрылысы қолға алынып, бұл құрылысқа содан бері 67 мың сом қаржы жұмсалды.

Монша құрылысын аяқтап, пайдалануға берілуін қамтамасыз етеміз деп Литвиненко жолдас бірнеше рет уәде берді, бірақ, бұл уәделер әлі күнге орындалмай келеді. Монша салынып біткенмен ол небары екі-үш күн ғана жұмыс істеді. Өйткені, монша қажетті жабдықтармен, киім қоятын шкаптармен толық

ның құрылыс материалдары жетпей қалды.

Поселкелік Совет пен аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімі пәтер үйлерді жөндеуді жыл сайын жоспарлайды. Бірақ, олар бұл жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етуді ескермейді. Өткен жылы 5 тұрғын үйді жөндеу жоспарланып, бұған қажетті қаржы да жеткілікті бөлінді. Содан небары бір-ақ үй түзетіліп, қайта салынды. Ол үйдің өзі құрылыс жұмыстары сапасыз жүргізілгендіктен, қыста күні суық болып, кісі тұруға жармай қалды.

Коммуналдық шаруашылық бөлімінің Киров көшесіндегі 31, Сталин көшесіндегі 20, Сталинград көшесіндегі 5, Чкалов көшесіндегі 11-үйлерінің тозығы әбден жеткен, ал, Ленин көшесіндегі 57-үйдің мүлде бос тұрғанына 2 жылдан асты. Бұл үйлерді жөндеу коммуналдық шаруашылық бөлімі басшыларының ойында да жоқ.

Ауданда құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізу, құрылысқа босатылған қаржыны және құрылыс материалдарын үнеммен жұмсау мәселесіне ешкім назар аудармайды. Өткен жылы Октябрь көшесіндегі 6-үйді бұзып қайта салғанда Литвиненко және Уваров жолдасардың бақылау жасамауы салдарынан құрылыс технигі П. Игонькин істелмеген жұмыстарды істелді деп жазып 2742 сом мемлекет қаржысын және 579 сомның құрылыс материалдарын артық жұмсаған.

Быыл аудан орталығында коммуналдық құрылыстар салу үшін 100 мың сом қаржы босатылып отыр. Демек, құрылыс жұмыстарын ерте бастан қолға алып, оны сапалы жүргізуге әбден болады.

Кезір құрылыс жұмыстарын қызу қол-

Егіншілерге кеңес

Жемшөптік жүгері егудің агротехникасы

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығын өркендету және одан алынатын өнімдерді арттыру жолындағы күресте құнарлы мал азығының берік базасын жасау басты міндеттердің бірі екенін атап көрсетті. Сонымен бірге, Пленум қаулысы әрбір колхоз бен совхозда бір сыйырға кемінде 5—6 тонна құнарлы жемшөп дайындау міндетін қойды.

Колхоздарда құнарлы мал азығының қорын мұншама мол әзірлеуде сүрлеуге арналған жүгері егудің зор маңызы бар. Жүгері өзінің сапасы жағынан алғанда сүрленетін азықтардың ішіндегі ең құнарлысы болып саналады. Жақсы сүрленген жүгерімен азықтандырылған сауын сыйырлардан сүтті анағұрлым мол алуға және сүтті майлылығын көп арттыруға болады. Сондықтан жүгеріні егуде, күтім баптауда агротехникалық ережелерді толық сақтай отырып, одан алынатын өнімнің мол болуына жетісу қажет.

Бұл үшін, ең алдымен, жүгеріні ерте және тиісті мөлшердегі тереңдікке жыртылған азбөке ескен жөн. Жүгері егілетін азбөке ылғалды мол сақтау мақсатымен оны көктемгі дала жұмыстарының алғашқы күндерінде-ақ екі ізде тырмалау қажет. Содан кейін көрегіне қарай бір, немесе екі ізде дискелеу керек.

Жүгері жылылықты сүйетін дақыл. Сондықтан оны себуді топырақтың 8—10 сантиметр тереңдігінің кемінде 10—12 градусқа дейін жылынғанында ғана жүргізген дұрыс. Тұқымды ескен кезде топырақтағы жылылық жоғарыда көрсетілген мөлшерден кем болса, онда жүгеріден алынатын өнім едәуір төмен болады.

Сүрлеуге арнал егілетін жүгері тұқымын себуге қатараралықтардың бір-бірінен қашықтығын 70 x 70 сантиметр алып, шаршы-ұялы әдіс бойынша себу тиімді болады. Бұл үшін МТС-тердегі «СП-6» шаршы-ұялы тұқым сеңкіштерді кезінен пайдалану керек. Жүгері тұқымын ең кемінде 8—10 сантиметр тереңдікке сіңіру қатаң сақталуға тиіс, ал, топырақта дымқылдықтың жеткіліксіз болуы жағдайында тұқымның 12—13 сантиметр тереңдікке сіңірілгені жөн. Жүгері өсімдігі өзінің тамырында ауаның жеткілікті мөлшерде болғанында ғана жақсы өсіп жетіледі. Сондықтан, топырақтың тығыздығына қарай, бір табанды трактор культиваторымен қатараралықтарды жаз бойына 3—4 рет өңдеу керек болады. Ең алғаш рет қатараралықтарды өңдеу жұмысын шаршы-ұялардағы жүгері тұқымдары жаппай көкпен шыққаннан кейін жүргізген дұрыс. Алғашқы өңдеу

8—10 сантиметр тереңдікте жүргізіледі. Ал, екінші және одан кейінгі жүргізілетін өңдеу жұмыстарында тереңдік мөлшері кемітіліп отырылады.

Қатараралықтарды культиватормен екінші рет өңдегенде топырақты үстем көректендіру ретінде әрбір гектарға 1—1,5 центнер суперфосфат және 1,5 центнер аммония сульфатын енгізу керек. Әрбір ұяда кемінде 3—4 өсімдік қалдыру қажет. Осы есеппен алғанда, жүгері тұқымы егілген әрбір гектарда 60—80 мың өсімдіктің өсіп жетілуі қамтамасыз етіледі.

Сүрленетін жүгеріні ору жұмысы оның дәні сүттеніп, қатпай тұрған кезде комбайнмен жүргізіледі.

Үстіміздегі жылы облыс колхоздары сүрлеуге арналған жүгеріні бірінші жыл егеді. Сондықтан, егіске еліміздің басқа аудандарынан әкелінген жүгері тұқымы пайдаланылатын болады. Ал, жүгері егуді бұдан былайғы жылдарда да кең көлемде жүргізу міндеті әрбір колхоздың жүгері тұқымын өздері дайындауын талап етеді. Мұның өзі әрбір колхоз бен МТС-тің алдына жүгеріні тек сүрлеуге арнап ғана егумен тынбай, оны тұқым үшін де егу міндетін қояды.

Біздің облыстың ауа райының жағдайында тұқымдық дән үшін егілетін жүгеріні алдымен құнарлы текшелерде көшет ретінде өсіріп алу қажет болады. Бұл күзгі салқын басталғанға дейін жүгерінің толық пішіп жетілуін қамтамасыз етеді. Тұқымдық дән үшін егілетін жүгерінің әрбір гектарынан кемінде 40 центнер өнім алынады деп есептегенде, әрбір 10 гектар жүгері егісін тұқыммен қамтамасыз ету үшін 1200 құнарлы текшедегі көшет отырғызылған 0,03 гектар тұқымдық участок бөлінуі керек. Жүгері көшеттерін егістік алаңға отырғызу сүрлеуге арнал егілетін жүгері тұқымын сеікен кезде жүргізілуі тиіс. Көшетті отырғызар алдында егіс алаңын ұзын бойына және көлденең маркерлеу керек. Маркер сызықтарының бір-бірімен қысыққан жеріне ішінде көшет бар екі құнарлы текше отырғызылады. Бұл жұмыс әрбір гектарға кемінде 40 мың көшет отырғызу есебі бойынша жүргізіледі. Тұқымдық дән үшін егілген жүгеріні жаз айларында күтім-баптауда егістік учасаттық топырағының ерекшеліктеріне қарай бірнеше рет ұзын бойға және көлденең тракторға тірелген культиватормен қатараралықтардың топырағын көп-сыту жұмысын ұйымдастыру қажет.

Агроном М. КАЧАЛОВ.

Қосымша ақыға бір тай алды

Әбзахмет Қанапин жолдас жасының ұлғайғандығына қарамастан Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхозда бірнеше жылдан бері жылқы бағын келеді. Қанапин жолдас жылқыларды қыстап шығынсыз алып шыққан және алынған құлындарды аман өсіргені үшін жыл сайын

қосымша еңбекақы алып отырады. Быылғы жылы жылқышы Әбзахмет қарт жылқы бағуда жанамай еңбек етіп, көп еңбеккүн тапты. Колхоз басқармасы оның еңбегіне, қосымша ақыға бір тай және 40 пұт астық берді.

Ә. ҚАБДОЛҚАЕВ.

Көрмеге қатысуға кандидат колхоз

Полудень ауданындағы Чанаев атындағы колхоздың колхозшылары өткен жылы 23 гектар темекінің әрбір гектарынан 8 центнер орнына 41,2 центнерден өнім алып, зор табысқа ие болды. Колхозшылар мұндай табысқа темекі егуде, оны күтуде агротехникалық ережелерді мұқият қолдана білулерінің нәтижесінде жетті.

Темекі егісі қара парға егілді. Бұл жердің әрбір гектары 15 тонна көк және 4 центнер суперфосфат тыңайтқыштарымен тыңайтылды. Жаз бойы пар екі рет дискеленіп, күздікте 25 (сантиметр тереңдікте қайта жүртілды. Қыстың күні бұл алаңға қалың қар тоқтатылды. Қар кетісімен барлық учасок тырмаланды. Тырмаланбастан бұрын әрбір гектар егіс алаңына 1 центнерден күл мен тауық қайы төгілді. Тұқым себілер алдында аңыз тағы да культивацияланды.

Темекі тұқымы көлік сеялкасымен қатараралығы 60 сантиметр қашықтықта себілді. Дән 1,5 сантиметр тереңдікте

сеіңірілді. Темекі өне бастағанда оның түптері қопсытылды және әрбір түпте 4—5 өсімдіктен артығы жұлыншып алынып тасталды. Мұның өзі өсімдіктің жақсы өрі тез өсуіне мүмкіндік жасады.

Темекі жыйнау жұмысы салқын түскенге дейін өткізілді. Колхозшылар темекіні жыйнауды таңертеңгілікте өткізді. Бұл істе агротехникалық ережелерді мұқият қолданудың нәтижесінде колхозда гектарына 41,2 центнерден өнім алынды. Мемлекетке темекі тапсырудан колхоз 220 мың сом ақша, 28 центнер қант, 1200 метр кездеме, 300 килограмм сабын алды.

Темекіден мол өнім алу жолындағы күресте зор табыстарға ие болуына байланысты бұл колхоз Бүкілодақтық ауыл-шаруашылық көрмесіне кандидат болып есептеледі.

Л. КОНДРАТЕНКО,
Облыстық ауылшаруашылық басқармасының агрономы.

ҰТЫСТАР ТӨЛЕУ

Еңбекшілерге Мемлекеттік заемдардың ұтыс тиражы бойынша ұтыстар төлеу сомасы жылдан жылға өсіп келеді. Мәселен, 1946 жылмен салыстырғанда облыс бойынша ұтыстар төлеу 1953 жылы үш есеге жуық артты.

Үстіміздегі жылдың апрель айы ішінде

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемының (1951 жылы шығарылған) бесінші ұтыс тиражы бойынша ұтыстар төлеуге кірісті. Петропавл қаласының жыйнақ кассалары алғашқы үш күн ішінде қала еңбекшілеріне 231 мың сомның ұтыстарын төледі.

ғана облыс еңбекшілеріне Мемлекеттік үш проценттік ішкі ұтыс заемның 38-тиражы бойынша 247 мың сом ұтыс төленді.

Облыстың жыйнақ қассалары жуырда

ЖАҢА КЛУБ

Ленин ауданындағы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің орталығында колхозшылар үшін жаңа клуб үйі салынып жатыр. Көзір клубтың құрылыс жұмыстары аяқталуға жуық.

Жаңа клуб үйінде 300 кісілік орын бар. Сонымен бірге, мұнда кітапхана, оқу залы, колхоз көркемөнер үйірмелері үшін жеке бөлмелер жабдықталуда.

Т. СӘЛМЕНОВ.

Олардың ішінде 3 мың, 10 мың, 25 мың сом ұтыс шыққан облигациялар бар.

Май айы ішінде Мемлекеттік заемдар бойынша үш ұтыс тиражы өткізіледі.

В. ДАМАСКИН.

ЕГІНШІЛЕР ҮШІН КОНЦЕРТ

Ленин орта мектебінің (Октябрь ауданы) көркемөнер үйірмесінің мүшелері егіншілерге концерттер беруде. Жуырда олар оқытушы Ж. Мұқанов жолдастың басшылығымен «Қызыл ту», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының егіншілеріне концерт қойып берді.

Колхоз егіншілері оқушыларға алғыс айтып.

В. ЖҮСПЕКОВ.

жабдықталмаған. Сол сияқты, мөнша суы тек бір-екі сағат жұмыс істеуге жетеді. Ал, мөншаның пештері қысты күні сапасы нашар кірпіштен салынған, кәзірдің өзінде қабырғалары жарыла бастаған.

Арнаулы үй болмағандықтан аудандық қонақ үйі пәтерден-пәтерге көшіп-қонып жүретін көшпелі үйге айналды. Кәзіргі уақытта қонақ үйі тек көптеген тіреулермен ғана тұрған тозығы жеткен Киров көшесіндегі 19-үйге орналасқан.

Өткен жылы қонақ үйі үшін жаңа үй салу жұмысы қолға алынып, үйдің қабырғасы жартылай қаланды. Бірақ, құрылыс жұмысы өте кеш қолға алынғандықтан құрылыс аяқталмай, бақылаудың болмауы салдарынан 1378 сом-

ға алу үшін екі қондырғы қажет. Бұлаев ауданының орталығында құрылыс жұмыстары басталу былай тұрсын әлі құрылысшылар бригадасы да ұйымдастырылған жоқ.

Аудандық Совет атқомі басшыларының мәдени құрылыс жұмыстарында орын алып келген кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын қарастыратын, коммуналдық шаруашылық бөлімі мен поселкелік Совет басшыларынан құрылыс жұмыстарын жоспарлы түрде, деркөзінде және сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуді талап ететін уақыты жетті.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Бүгінгі тілекке сай емес“

Редакцияға осы тақырыпта тілші хаты түскен болатын. Онда Қонохов ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде почта жұмысының бетімен жіберілгендігі, колхозшыларға хат-хабарлар мен газет, журналдардың деркөзінде жеткізілмейтіндігі айтылған-ды.

Еңбекшілер депутаттары Қонохов аудандық Советі атқомі председателінің орынбасары Рүлімов жолдас редакцияға, тілші хаты бойынша жүргізілген тексеріске, тіл-

ші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын хабарлады. Кәзір почта тасуға арнаулы адам бөлінген, ол хат-хабарлар мен газет, журналдарды күн сайын жеткізіп тұрады. Сол сияқты, Ленин атындағы колхоздың №3 бригадасындағы радиоторабын үстеміздегі жылғы май айының бірінші аптасынан қалдырмай іске қосу аудандық байланыс мекемесінің бастығы Чехун жолдасқа жүктелген.

Халық шаруашылығын өркендетудің ең басты, шешуші шарты

Коммунистік партия социалистік экономиканың негіздерінің негізі — ауыр өнеркәсіпті мықтап өркендетуді қамтамасыз етумен бірге, кәзір совет адамдарының бүкіл творчестволық еңбегін, ынта-жігерін ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге, халық тұтынатын товарлар өндірісін одан әрі ұлғайтуға бағыттап, жұмылдырып отыр. ССРО халық шаруашылығының барлық саласын өркендетудің ең басты, шешуші шарты, коммунистік құрылыстың программасын ойдағыдай орындаудың, еңбекшілердің әл-ауқатын үздіксіз жақсартудың аса маңызды шарты — өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыра беру болып табылады.

Еңбек өнімділігін арттыру, — деп көрсетті В. И. Ленин, — жаңа қоғамның түбірлі міндеті болып табылады, мұны шешпейінше коммунизмге ету мүмкін емес.

Советтік қоғамда өндіріс құралдары мен саймандары социалистік меншік болып саналады, мұнда адамды адам қанау біржолата жойылған, өндірісті өркендету еңбекшілердің ұдайы өсіп отыратын материалдық және мәдени қажетін қанағаттандыру мақсатын көздеп жүзеге асырылады. Сондықтан да елімізде өндірісті жетілдіре берудің сарқылмас мүмкіншіліктері ашылып, совет адамдары өз еңбектерінің нәтижелеріне сүйсініп отырады. Халық пен мемлекет мүддесінің біртұтастығы — еңбек өнімділігін үздіксіз арттырудың берік негізі.

Еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды жолдары: жаңа техника мен озат технологияны өндіріске кеңінен енгізу, өндірісті, әсіресе еңбекті көп керек ететін және ауыр жұмыстарды барынша механикаландыру, автоматтандыру, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды ұдайы жетілдіріп отыру, еңбекшілердің жалпы білім, мәдени дәрежесін арттыру, оларынша мамандығын көтеру болып табылады. Социалистік жарысты өрістете отырып, бұл қайнар

көздерді толық пайдаланған жағдайда еңбек өнімділігінің одан әрі артуы қамтамасыз етіледі.

Еңбек өнімділігі неғұрлым көп арттырылса, өнеркәсіп өнімі соғұрлым көп шығарылады. Мұның өзі социалистік өндірісті өркендетудің шешуші факторы ретінде барған сайын үлкен маңыз алууда. Еңбек өнімділігі өнеркәсіпте, 1952 жылы, 1940 жылмен салыстырғанда 60 процент асып түсті; осы мезгіл ішінде өнеркәсіп өнімінің 70 проценті еңбек өнімділігінің артуы есебінен алынды. Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында өнеркәсіп өндірісінің дәрежесін бесжылдықта, шамамен, 70 процент, еңбек өнімділігін өнеркәсіпте 50 процент, құрылыста 55 процент арттыру белгіленді. Бесінші бесжылдықта бүкіл өнеркәсіп өнімінің төрттен үш бөлігіне жуығы еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынды.

Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы бесінші бесжылдықтың өткен жылдары ішінде еліміздің социалистік экономикасын дамыту жолында жаңа табыстарға ие болды. ССРО-ның бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1953 жылы, 1952 жылғымен салыстырғанда 12 процент, ал 1950 жылмен салыстырғанда 45 процент өсті.

Өнеркәсіп қызметкерлері еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресте үлкен табыстарға жетті. Өнеркәсіп жұмысшыларының еңбек өнімділігі 1952 жылы, 1951 жылғы дәрежеден 7 процент асып түсті, ал 1953 жылы, 1952 жылмен салыстырғанда тағы да 6 процент өсті.

Еңбек өнімділігін арттыру сонымен бірге шығарылатын өнімнің өзіндік құнын кемітудің шешуші факторы. Бесінші бесжылдықтың алғашқы екі жылы ішінде еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде өнімнің өзіндік құнын кемітуден алынған үнем өнеркәсіпте 80 миллиард сомнан асты. Мұның өзі азық-түлік пен товарлар-

дың бағасын кемітуге, халықтың тұрмысын жақсартуға қолайлы жағдай туғызды.

Өнеркәсіп орындарының техникамен қарулануы, өндірісті ұйымдастырудың жетілдірілуі, кадрлардың мамандығы арттырылуы нәтижесінде біздің республикамызда да еңбек өнімділігі артып, өнеркәсіп өнімін шығару жылдан жылға ұлғайып келеді. Республиканың көптеген кәсіпорындарының қызметкерлері өздерінің творчестволық еңбектерімен жаңа табыстарға ие болуда. Қазақ металлургия зауыты соңғы үш жыл ішінде мартен пештерінің әр шаршы метрінен болатты бұрынғыдан көп алды. Мұның өзі завод коллективінің өндіріс алаңын ұлғайтпай-ақ, өндіріске қосымша агрегаттар орнатпай-ақ болат өндіруді 68 процент, прокат өндіруді 88 процент арттыруға мүмкіндік берді.

Шымкенттің пресс-автомат зауытында еңбек өнімділігі соңғы төрт жыл ішінде 50 процентке жуық өсті. Оның цехтарында жұмыс істейтін жүзден аса озат адам металды шапшаң әдіспен өңдейді, металл жас тоқарыларға, слесарьларға, металл құюшыларға көмектесіп отырады.

Алайда, партия мен үкмет алға қойып отырған халықшаруашылығындық зор маңызы бар міндеттерді ойдағыдай шешу үшін еңбек өнімділігінің кәзіргі дәрежесі әлі де болса жеткіліксіз. Өндірісті одан әрі қызу қарқынмен өркендету, халықтың әл-ауқатын жақсарту беру жолындағы күресте еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырудың ерекше зор маңызы бар. Социалистік өндіріс жаңа техникаға негізделген, бізде неғұрлым жетілдірілген машиналар мен механизмдерді кең қолдану үшін қажетті мүмкіндіктердің бәрі жеткілікті.

Елімізде жаңа техниканың барған сайын көп жасалып отырғанын мынадан көруге болады. 1950—1953 жылдар ішінде советтік машина жасау өнеркәсібі 2200-

ден астам жаңа типті машиналар мен механизмдер жасады. Көмір, мұнай өнеркәсібінде өндірістің маңызды процестері толығынан дерлік механикаландырылған, автоматтандыру өндіріске кең енгізілуде. Металлургия өнеркәсібінде де өндіріс процестерін комплексті механикаландыру және автоматтандыру кең қолданылып отыр. Еліміздің жеңіл өнеркәсібінде соғыстан кейінгі жылдары 260 мың технологиялық жабдық өндіріске орнатылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде автоматтар мен автоматты жабдықтарды қолдану жақсаруда. Көптеген кәсіпорындар өндірістің конвейерлі-үдемелі әдістеріне көшірілді. Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінде аяқкіім өндірісін конвейерлендіру дәрежесі 75 проценттен асты.

Өнеркәсіпте үздіксіз алға басып келе жатқан техникалық прогресс, техниканы жетік меңгерген маман кадрлардың болуы еңбек өнімділігін арттыра беруге, өнеркәсіп өндірісінің көлемін ұлғайтуға орасан зор мүмкіндік бар екенін дәлелдейді. Бірақ осындай мүмкіндіктерді көптеген кәсіпорындар, өнеркәсіптің жеке салалары әлі күнге толық пайдалана алмай келеді.

Қазақстанның өнеркәсібінде еңбек өнімділігін арттырудың сарқылмас резерві ойдағыдай пайдаланылып отырылмайтынын мынадан көруге болады. Қарағанды көмір бассейнінде кен комбайндары орта есеппен 40—45 процент бос қарап тұрады, ал жеке шахталарда комбайнның пайдаланылуы бұдан да нашар. Көмірді құлататын, тиейтін және порода тиейтін машиналар барлық жұмыс уақытының 40—50 процентінде бос қарап тұрады. Ал кен комбайндарының бос қарап тұруын сменада бір сағат кеміткеннің өзінде комбайндардың көмір өндіру қуатын арттырып, Қарағанды комбинаты қосымша 12 процент көмір өндірген болар еді. Тек осыдан ғана жер астындағы жұмысшылардың еңбек өнімділігі кемінде 7—8 процент артады. Сондықтан Қарағанды комбинатының, оның шахталарының басшылары механизмдерді толық қуатымен пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс.

Соғыстан кейінгі дәуірде республикамыздың жеңіл өнеркәсібі еңбек өнімділігін арттыру қарқыны жөнінен артта қалып келеді. Қазақ ССР Көпшілік тұтына-

тын өнеркәсіп товарлар министрлігі бойынша жалпы өнімнің 50 проценттен аса өсуі жұмысшылар санының көбеюінен алынды. Тігін машиналары минутына 3500 айналым жасауы керек, ал республиканың тігін фабрикаларында бұл машиналар соңғы жылдары минутына 2100—2500 айналым жасап келеді. Алматы аяқкіім фабрикасындағы «Идеал» штамп машинасының өнімділігі қолмен істелетін жұмыстың өнімділігінен арта алмай отыр. Бұл механизм сменасына 90—100 парда ғана аяқкіім шығарады, ал еліміздің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарында «Идеал» штамптары 160—170 парға дейін аяқкіім шығарып келеді. Бұл министрліктің жеті тігін фабрикасының бірде-бірі өткен жылы еңбек өнімділігі жөніндегі жоспарды орындамады.

Алматының өнеркәсібі 1953 жылдың жоспарын артығымен орындай тұрса да, кәсіпорындардың 50 процентке жуығы еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырманы орындаған жоқ. Осының өзінен ғана өнеркәсіп өнімі анағұрлым кем шығарылды. Алматы қаласындағы көптеген машина жасау кәсіпорындарында металды өңдеудің технологиясы өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың жеткіліксіз болғандығынан толық жүзеге асырылып отырылмайды. Қаладағы кәсіпорындарда алдыңғы қатарлылардың тәжірибесі, еңбек әдістері терең зерттелмейді, жақсы әдістерді басқаларға тарату қанағаттанғысыз ұйымдастырылуда. Техникалық нормалауды дұрыс ұйымдастыру, алдыңғы қатарлы техникалық-есепті нормаларды өндіріске енгізу еңбек өнімділігінің артуына көмектеседі. Алайда, техникалық жаңа нормаларды батыл қолдану ісі көптеген кәсіпорындарда әлі де болса ойдағыдай емес. Кейбір кәсіпорындарда нормалау кезінде алдыңғы қатарлы жұмысшылардың озат әдістері еске алынбайды.

Кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктердің бірі көмекші жұмыстарды механикаландырудың дәрежесі төмендігінен болып отыр. Мұның өзі әсіресе бақылау операцияларын тасымалдауды, қоймалардағы шикізат пен материалдарды тиеу, түсіру жұмыстарын ме-

ханикалаңдыру ісіне жете көңіл бөлмейтіндікті көрсетеді.

Социализмнің экономикалық заңдары халықтың түбірлі мүдделері өндірістің қолда бар резервтерін барынша кең пайдалануды, бұл үшін техниканы әрқашан жетілдіріп отыруды, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды одан әрі жақсарту беруді, өндіріс озаттарының тәжірибелерін батыл қолдануды, кадрлардың мәдени-техникалық дәрежесін арттыруды, еңбек тәртібін күшейтуді талап етеді.

Еңбек өнімділігін арттыруда — социалистік жарыс ұлы күш. Жарыс бұқараның творчестволық белсенділігін, инициативасын тудырып отырады. Ол еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін резервтердің бәрін ашуға көмектеседі.

Кәзір біздің елімізде еңбек өнімділігін арттыру жолындағы бүкілхалықтық қозғалыс барған сайын кең өріс алууда. Москва облысының 28 кәсіпорны коллективінің инициативасы бойынша еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарыс халық шаруашылығының барлық саласында күннен күнге қызу түсуде. Москвалықтардың бұл патриоттық бастамасын Қазақстан еңбекшілері де еселеген ынта-жігермен қарсы алды. Көпшілік, металлургия, теміржолшылар, тоқымашылар, тігіншілер, азық-түлік өндірушілер өз мүмкіндіктерін есептеп, жаңа резервтерді тауып, еңбек өнімділігін арттыру жолдарын белгіледі. Республикамыздың өнеркәсіп орындарының қызметкерлері москвалықтардың шақыруына социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындаумен, іспен жауап беруге тиіс.

Партия, кәсіподақ ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысқа басшылықты күшейте отырып, бүкіл коллективтерді өздері қабылдаған міндеттемені орындау күресіне жұмылдырулары керек. Әрбір коллектив, әрбір жұмысшы, инженер-техник қызметкер еңбек өнімділігін арттыруды көздеген бүкілхалықтық күреске өз үлестерін қосып отырулары қажет.

Н. ЕРОФЕЕВ,
Экономика ғылымының кандидаты

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі

ЖЕНЕВА, 8 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі күн тәртібінің екінші пунктін — Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені қарауға кірісті.

Кеңестің бірінші мәжілісіне, Индо-Қытай мәселесін талқылаған кезде ССРО Сыртқы істер Министрі В. М. Молотов, Францияның сыртқы істер министрі Ж. Бидо, Англияның сыртқы істер министрі А. Иден, Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрі Чжоу Эн-лай, АҚШ мемлекеттік секретарының орынбасары Б. Смит, Вьетнам Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Фам Ван Донг, келіп қосылған үш мемлекеттің — Вьетнамның, Лаостың және Камбоджаның өкілдері, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген елдер делегацияларының кеңесшілері мен сарапшылары қатысты.

Алдын-ала қол жеткен келісімге сәйкес, Сыртқы істер министрлері Женева кеңесінің Индо-Қытай мәселесін талқылауға арналған мақсаттарында Англияның сыртқы істер министрі мен Совет Одағының сыртқы істер министрі кезекпен председателдік ететін болады.

Кеңестің бірінші мәжілісін алдын-ала қол жеткен жоғарыдағы келісімнің негізінде, председателдік ретінде Англияның сыртқы істер министрі А. Иден ашты. Ол қысқаса сөзінде былай деп көрсетті: кеңеске қатысушылардың алдында тұрған міндет төрт державаның Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде белгіленген болатын; бұл міндет Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруде болып отыр. Иден бұл проблеманың шұғыл және маңызды проблема екендігін атап көрсетті, кеңес нақтылы және практикалық қарарларға тез жетеді деген үміт білдірді.

Кеңеске қатысушылар кеңестегі ресми тілдер француз, орыс, ағылшын және қытай тілдері болады деп келісті. Мәжілістерде тек кеңеске қатысушылар ғана болады деп ұйғарылды.

Бұдан кейін дискуссия басталды. Бірінші болып Францияның сыртқы істер министрі Ж. Бидо сөйледі.

Бидо өзінің сөзін Дие-Биен-Фу үшін болған ұрыстардың Женева кеңесінде Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе қарауға қарар қабылдаған төрт державаның Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінен кейін өрістетілгені жөнінде «қынжылғандық» білдіруден бастады. Бидо «бұл кеңестің перспектива-

сының өзі жеңісгерлердің үнін шығармай тастауға тиіс еді» деп мәлімдеді. Ал, оның бер жағында бұл жағдайдың толығынан Франция үкметіне байланысты болғаны жұртқа мәлім, өйткені, Дие-Биен-Фу үшін болған ұрыстар француз генералы Наварр жасап, АҚШ-тың билеуші топтары мақұлдаған, Вьетнам Демократиялық Республикасының соғыс күштерін қысқа мерзімде жеңуді көздерінен соғыс жоспарының бір бөлігі болды.

Бидо былай деп мәлімдеді: Дие-Биен-Фу түсінігінде ұрыс сыяқты оқиға осы кеңесте басталған келіссөздерде «француз делегациясының қандай бағыт ұстау керек екенін үзілді-кесілді айтып отыр». Мұндай «бағыт», Бидоның бұдан кейінгі мәлімдемелерінен көрінгендей, Индо-Қытайдағы соғыс Францияға таңалдымыс дейтін болжамға негізделген, ал, мұның өзі ақиқат фактілерге толығымен кайшы келеді, Индо-Қытайдағы соғыстың Индо-Қытай халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын басып-түшкіртуге және дүние жүзінің бұл ауданында француздың отарлық үстемдігін баянды етуге тырысқан Францияның билеуші топтары өрекетінің салдарынан болғаны жұртқа мәлім.

Францияның сыртқы істер министрі өз позициясын дәлелдеуге тырысып, Вьетнам халқы отаршыл құлданушыларға қарсы, өз бостандығы үшін және өзінің заңды ұлттық праволарын қамтамасыз ету үшін әділетті күреске аттанғаннан кейін Вьетнамда болған оқиғалардың дамуының бұрмаланған, жалпы жұртқа мәлім фактілерге қайшы шешетін тарихын баяндады.

Бидо француз үкметі арқашан да Индо-Қытайдағы соғыс қоймылдарын біржолата тоқтатуға тырысып келді-міс деп сендірмек болды, ал, шынында өзінің дербес ұлт болып өмір сүру правосын қорғауға аттанған Вьетнам халқының қаһармандық күресіне кездесіп, Францияның отаршыл саясатының түйыққа тірелуіне байланысты француз үкметі Индо-Қытай мәселесін Женева кеңесінде қарауға келісім болатын. Францияның 1946 жылғы 6 мартта Вьетнам Демократиялық Республикасымен келісімге қол қойғаны, бұл келісім бойынша оның Вьетнам Демократиялық Республикасын танығаны туралы Бидо бірауыз да сөз айтпады. Ал, Францияның бұл келісімді сұрқиялықпен бұзып, Индо-Қытайда соғыс бастағаны жұртқа мәлім.

Француз делегациясы, деп мәлімдеді Бидо, кеңес ең алдымен «хауісіздіктің қажетті кепілдіктеріне сүйене отырып,

Индо-Қытайда соғыс қоймылдарын жалпы тоқтату» принципі қабылдасын деп ұсынады. Ол Индо-Қытайдың барлық мемлекеттеріндегі жағдайға біржолата қарауға болмайды дегенді айтты, сөйтіп, Лаос пен Камбоджиде «соғыс жарияламай басып кіру» әрекеті болып отыр-мыс деп, істің жайын бұрмалап көрсетті. Ал, шынында бұл мемлекеттерде, — Вьетнамдағы сыяқты, Индо-Қытай халықтарын бостандық пен тәуелсіздіктен айыруға тырысқан француз отаршыл әскерлеріне қарсы бұл елдердің халықтары күрес жүргізіп жатыр.

Бидо француз делегациясының атынан мынадай шараларды көздейтін ұсыныстар енгізді: Вьетнам жөнінде — бас командашылардың ұсынысы бойынша кеңес белгілейтін аймақтарда «әскерлерді қайта топтастыру және жыйнақтау», «армияға да, тәртіп сақтау күштеріне де қатысы жоқ элементтерді қарусыздандыру!» соғыс тұтқындарын және уақытша ұсталған шетелдік жай адамдарды босату, осы шарттарды орындауға халықаралық бақылау қою. Француз делегациясы ұсыныстарының бір пунктін соғыс қоймылдарын келісімге қол қойған кезден бастап тоқтатуды көздейді. Бұл пунктте былай деп көрсетілген: әскерлерді қайта топтастыру және оларды қарусыздандыру келісімге қол қойылғаннан кейін белгілі бір күндер өткенде басталуға тиіс.

Камбоджи мен Лаосты алатын болсақ, француз делегациясының ұсыныстары Камбоджи мен Лаос басып кірді-міс дейтін «Вьетнамның (француз ресми топтарында Вьетнам Демократиялық Республикасы осылай деп аталып жүр) барлық тұрақты және тұрақты емес күштерін көшіру деген сылтаумен, сондай-ақ «армияға да, тәртіп сақтау күштеріне де қатысы жоқ элементтерді қарусыздандыру» деген сылтаумен іс жүзінде халық-азаттық армияларын қарусыздандыруды көздейді. Камбоджи мен Лаосқа қатысы бар француз ұсыныстарында да соғыс тұтқындарын және уақытша ұсталған шетелдік жай адамдарды босату туралы, бұл шарттардың орындалуын «халықаралық комиссиялардың» бақылауы туралы айтылған. Ұсыныстардың қорытындысында Женева кеңесіне қатысушы мемлекеттердің Вьетнам, Лаос және Камбоджи жөнінде келісімдер жасауға кепілдік беруі туралы айтылған.

Бұдан кейін Вьетнам Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Фам Ван Донг сөз сөйледі.

Фам Ван Донгтың мәлімдемесі

Біздің кеңесіміз, деді ол, Индо-Қытайда соғыс қоймылдарын тоқтату және бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе қарау мақсатын көздеп отыр.

Бұл мәселе өте маңызды. Индо-Қытай халықтарының тағдыры, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Азиядағы халықтардың бейбітшілігі мен хауісіздігі, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік осы мәселені шешуге байланысты.

Индо-Қытай халықтары Индо-Қытай

Осы міндетті шешуді бізге көмектесетін шараның бәрін құттықтап, қарсы алу керек және оны қандай да болса сылтаумен қабылдамай тастамау керек.

Міне, сондықтан да жоғарыда айтылғандарды ескеріп және Вьетнам, Кхмер, Патет-Лао халықтарының сезімдерін білдіре отырып, Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясы Кхмердің қарсыласу үкметі мен Патет-Лаоның қарсыласу үкметінен кеңестің жұмысына

шілікті қалпына келтіру проблемасын шешу осы кеңестің міндетіне кіріп отыр. Вьетнам Демократиялық Республикасының халқы мен үкметі сыяқты, Кхмер мен Патет-Лаоның халықтары мен үкметтері де Индо-Қытайда соғысты жойып, бейбітшілік орнату үшін, сонымен қатар, өздерінің ұлттық праволарын тәуелсіздігін, бірлігін, демократиясын жүзеге асыру үшін келіссөздер жүргізуге ризалық білдіріп отыр.

Неміс халқы фашизмнен азат етілу күнін атап өтті

БЕРЛИНДЕГІ МӘЖІС

БЕРЛИН, 8 май. (СОТА). Бүгін Берлинде гитлерлік фашизмнен азат етілу күніне арналған мәжіліс болды. Мәжіліске Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик, Халық палатасының председатели Йоганнес Дикман, Халық палатасы Председателінің орынбасары Герман Мотерн, ГДР премьер-министрінің орынбасарлары Вальтер Ульбрихт, Пауль Шольц, Лотар Болц, Генрих Рау, Үлкен Берлиннің обер-бург-мистрі Фридрих Эберт, сол сыяқты, жұртшылық өкілдері қатысты.

Сол сыяқты, мәжілісте ССРО-ның Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі В. С. Семенов, Қытай Халық Республикасының Төтенше және Полномочилі Елшісі Цзи Пынь-фэй және басқа елшіліктер мен миссиялардың өкілдері қатынасты.

Мәжілісте ГДР премьер-министрінің орынбасары Отто Нухке сөз сөйледі. Тоғызыншы рет, деді ол, біз Еуропа халықтарының гитлерлік фашизмнен азат етілу күнін атап өтеміз. Біз неміс халқын азат ету үшін болған ұрыстарда қаза тапқан жауынгерлерді еске түсіріп, батыр Совет Армиясына алғыс айтамыз.

О. Нухке, сайын келгенде, герман милитаризмінің қайта бас көтеруіне әкелетін бағыс державалар мен Аденаурдің Бонн үкметі саясатының реакциялық сипатын атап көрсетті. Ол Германияны біріктіру үшін күресте неміс халқына үнемі және жан-жақты көмек көрсетіп отырған Совет Одағы саясатының бейбітшілік сүйгіш сипатын баса айтты. Осы күресте, деді Нухке, Герман Демократиялық Республикасының еңбекшілері алдыңғы сапта келеді. Халықтарды атом және сутегі бомбаларымен қорқытып, бостандық сүйгіш халықтардың бейбітшілікке ұмтылып отырған қозғалысын тоқтатуға агрессияшыл күштердің жасап отырған әрекеттері, деді мұнан әрі Нухке, күйреуде. Ұлы Совет Одағы бастаған бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің күші ұдайы өсіп, нығая түседі.

Баяндамадан кейін ГДР искусствоының шеберлері қатысқан концерт болды.

БЕРЛИНДІ АЗАТ ЕТУ ҰРЫСТАРЫНДА ҚАЗА ТАПҚАН СОВЕТ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ЕСКЕРТКІШІНІҢ ІРГЕСІНЕ ГҮЛДЕР ҚОЮ

БЕРЛИН, 8 май. (СОТА). Бүгін, неміс халқының гитлерлік фашизмнен азат етілуіне тоғыз жыл толған күні Третьев паркінде салтанатты түрде Берлинді азат етуде қаза тапқан совет жауынгерлері ескерткішінің іргесіне гүлдер қою болды.

Герман Демократиялық Республикасының президентінен, Халық палатасының президиумынан, ГДР үкметінен, ГПСН Орталық Комитетінен, ГДР-дің жер палатасынан, демократияшыл Германияның Ұлттық советінен, Үлкен Берлиннің магистратынан және көптеген демократияшыл бұ-

Дие-Биен-Фу қамалын Вьетнам Халық армиясының алуы туралы толық хабарлар

ШАНХАЙ, 8 май (СОТА). Вьетнамның информациялық агенттігі мынаны хабарлады:

Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиесі өкілінің бүгін таңертең берген хабарына қарағанда, 7 майға қараған түнде Вьетнам Халық армиясы Дие-Биен-Фу дағы француздардың бекінінген шебінің тобына ақырғы шабуыл жасаған. 24 сағатқа созылған ұрыстан кейін 7 майда, кешкі сағат 5-те Вьетнам Халық армиясы Муонг-Таньдағы командир секторына орналасқан дұшпанның барлық әскерлерін толық қатардан шығарды. Кешкі сағат 10-ға дейін Вьетнам Халық армиясы Хонг-Кумның оңтүстік секторындағы барлық француз әскерлерін талқандады.

Алдын-ала алынған мәліметтерге сәйкес, осы қамал үшін мұнан екі ай бұрынға жуық Вьетнам Халық армиясы бастаған шабуылдан бері Дие-Биен-Фу дағы жойылған әскерлердің жалпы саны — 7 парашют батальоны қоса есептегенде 17 батальон, 3 артиллерия батальоны және бірнеше сапер бөлімдері болған. Осы уақыттың ішінде атып түсірілген және жойылған жау самолеттерінің жалпы саны — 57.

Алдын-ала алынған мәліметке сәйкес, 7 майдағы кешкі сағат 5-ке дейін қамалдағы француз командованиесін қоса есептегенде Муонг-Тань секторындағы жаудың барлық әскерлері Вьетнам Халық армиясына қолға түсті.

Дие-Биен-фу қамалындағы француз гарнизонының қолбасшысы тұтқынға алынған

ПАРИЖ, 8 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Лондондағы тілшісі мынаны хабарлады:

Англияның консервативтік «Ивнинг стандарт» газеті Вьетнам радиосы берген

хабарға сүйеніп, бүгін, Дие-Биен-Фу қамалындағы француз гарнизонының қолбасшысы бригада генералы де Кастриді Вьетнам Халық армиясының әскерлері тұтқынға алды деп хабарлайды.

Вьетнамдағы соғысты дереу тоқтату үшін! Француз коммунистік партиясының мәлімдемесі

ПАРИЖ, 8 май. (СОТА). «Юманите» газетінде Француз Коммунистік партиясы саяси бюросының мәлімдемесі жарияланды, онда Женева кеңесінде талқылануға түскен мәселелерді бейбітшілік жолмен реттеудің қажеттілігі туралы айтылады. Мәлімдемеді, Женева кеңесінде байқалып отырғандай, шиеленістің кейбір бәсеңдеуі және кеңеске Қытай Халық Республикасы және Вьетнам Демократия-

лық Республикасы өкілдерінің қатынасуы мақұлдайтын факті есебінде атап көрсетілді.

«Соғысты соза беруге және оны кеңейтуге американдық топтары білдіріп отырған тырысулар, — делінген мұнан әрі мәлімдемеді, — және АҚШ-тың тікелей интервенциясына қатысуға француз үкметінің шақыруы, кәзіргі уақытта күй-

Даллестің Вашингтонда сөз сөйлеуі

ВАШИНГТОН, 8 май. (СОТА). 7 майда кешке АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес американдық үкметінің Азиядағы саясатына арнап радио арқылы сөз сөйледі.

Корея туралы мәселенің Женева кеңесінде талқылануы туралы айта келіп, мемлекеттік секретарь тағы да Курама Штаттар Корей Халық-Демократиялық Республикасы кеңесте ұсынған және Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы қолдаған Кореяны біріктіру программасын қабылдамайтындығын мәлімдеді. Даллес сөзінің едәуір бөлігін АҚШ-тың Оңтүстік-Шығыс Азиядағы саясатын ақтауға арнады.

Азиядағы американдық жоспарларын баяндай келіп, мемлекеттік секретарь «бұл аудан Курама Штаттар үшін өмірлік елеулі маңызы бар аудан» деп дәлелдеді. Ол «коллективтік қорғаныс» системасы дегенмен бүркемелеп, осы ауданда агрессивтік соғыс одағын жасау жөніндегі өзінің әрекеттерін мұнан былай да жүргізе беруге АҚШ-тың ниетінен айтырғандығын аңғартты.

Империалистік отарлаушы мемлекеттерге қарсы Азия халықтарының ұлт-азаттық күресінің кәзіргі уақыттағы ұрны болып отырған «Азия азиялықтары үшін!» деген принципке Даллес қарсы сөйледі.

Есіл тасыды

Есіл өзені ең соңғы рет бұдан алты жыл бұрын тасыған болатын. Бірақ, 1948 жылғы өзен суының көтерілуі биіктігі Есілдің бийылығы тасу дәрежесіне жеткенді.

Быйыл Есіл өзенінің тасуы өте күшті болды. Кәзір өзеннің екі жақ жағалауында көлденеңі кей жерлерде 15 километрге дейін баратын шең алқапты су қаптады. Жағалаудағы қалың тоғайлар сумен көмілді. Бұл өзеннің өзен ағыстарының ұшы қа-

тасығанын қай кезде өздеріне жететінін күні бұрын біліп отырды. Сондықтан да колхозшылар тасығанда қарсы хауісіздік шараларын жүргізуді ерте бастан қолға алып, мылқау күштің апатын жоқ етті. Мемлекет бұл үшін мыңдаған сом қаржы босатты.

Есіл өзенінің тасуы кәзір колхоз шаруашылығын, әсіресе, мал шаруашылығын өркендету үшін өте пайдалы. Колхоздар Есіл суының жағалауында және шабын-

не бейбітшілікті қалпына келтіруді тілеп, келіссөздер жүргізу жолымен өздерінің ұлттық праволарын жүзеге асыруды көздеп отыр. Францияның халқы, Францияның барлық жетік саяси топтары Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруді талап етуде. Индо-Қытай халықтары мен француз халқы Франция мен Индо-Қытай елдері арасында достық қатынастар орнатуды тілеп отыр.

Оңтүстік-Шығыс Азия мен Азия халықтары Индо-Қытайдағы соғысты біржола тоқтатып, бейбітшілікті қалпына келтіруді көздейді, өйткені, Индо-Қытайдағы соғыс Оңтүстік-Шығыс Азия мен Азияда бейбітшілік пен хауісіздікке қатер төндіреді. Кәзіргі уақытта Индо-Қытайдағы соғысты онан әрі жүргізіп, ұлғайта беруді көздеушілердің әрекеті салдарынан бұл қатер анағұрлым елеулі және ықтимал қатер бола бастады. Міне, сондықтан Оңтүстік-Шығыс Азия мен Азия халықтары Индо-Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтатуды және бейбітшілікті қалпына келтіруді бұрынғыдан анағұрлым батыл жақтап шығуда.

Бүкіл дүние жүзінің халықтары халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету және жер шарында бейбітшілікті баянды ету мақсатымен Индо-Қытайдағы соғысты тоқтатып, бейбітшілікті қалпына келтіруді көздеуде. Бүкіл дүние жүзінің халықтары мақұлдап, қолдап отырған біздің кеңесіміз Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру проблемасын ойдағыдай шешуге жету үшін өте қолайлы жағдайда отыр.

АҚШ өкілі Б. Смит кеңеске қатысу үшін Кхмер мен Патет-Лаоның қарсыласу үкметтерінен ресми делегаттар шақыру туралы Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының ұсынысына қарсы шықты. Смит өзінің позициясын Патет-Лао мен Кхмер мемлекеттері жоқ деген «сылтаумен» дәлелдеуге тырысты. Ол былай деп мәлімдеді: егер АҚШ ұсыныстарына қарсы шыққысы келетіндер

кеңеске ұсынады.

Біз бұл ұсынысты мынадай дәлелдермен енгізіп отырмыз:

Индо-Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтату және бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселеге Индо-Қытай халықтары мен Вьетнам халқы сияқты, Кхмер мен Патет-Лао халықтары да мүдделі болып отыр. Кхмер мен Патет-Лао халықтары Вьетнам халқымен тығыз одақтасып, көптеген жылдар бойы бейбітшілік, тәуелсіздік, бірақ және демократия үшін қаһармандық күрес жүргізіп келді.

Бұл күрестің барысында Кхмер мен Патет-Лао халықтары Кхмердің қарсыласу үкметі мен Патет-Лаоның қарсыласу үкметін құрды. Осы қарсыласу үкметтерінің басшылығымен Кхмердің және Патет-Лаоның халықтары демократиялық үкмет құру, азат етілген аудандарда халықтың тұрмыс дәрежесін жақсарту үшін шаралар қолданды.

Міне, сондықтан Кхмердің қарсыласу үкметі де, сондай-ақ Патет-Лаоның қарсыласу үкметі де азат етілген аудандар халқының қолдауына сүйеніп, солардың жалынды сүйіспеншілігіне ие болып отыр, бұл үкметтердің бүкіл елдің халқы алдында үлкен беделі мен ықпалы бар. Демек, бұл үкметтер Кхмер мен Патет-Лао халықтарының көп бөлегінің өкілі болып табылады және олардың ұлттық армандарын білдіріп отыр. Міне, сондықтан бұл үкметтерден осы кеңеске ресми делегаттар қатысуы қажет болып табылады, өйткені, Индо-Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтату және бейбіт-

шында Кхмер мен Патет-Лаоның қарсыласу үкметтерінің сыртқы істер министрлері өздерінің мәлімдемелерінде Женевада кеңес шақыру туралы Берлин кеңесінің қарарын мақұлдаған болатын. Жоғарыда баяндалған дәлелдер бойынша, Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясы өз халықтарының ынты-зар армандары мен ұсыныстарын кеңеске баяндап бере алатын Кхмер мен Патет-Лаоның қарсыласу үкметтерінің ресми өкілдерінің кеңеске қатысуы тіпті де кедергі болмайды, қайта, мұның керісінше, біздің кеңесіміздің табысқа жетуінің тағы бір кепілі болады деп сеніп отыр.

Индо-Қытай халықтарының ғана емес, сонымен қатар, бүкіл дүние жүзі халықтарының, сондай-ақ Индо-Қытайда соғысты тоқтату және бейбітшілікті қалпына келтіру проблемасын шешудің ниетімен тілеп отырған әрбір бейбітшіл адамның талабы, міне, осындай.

Сондықтан Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясы кеңеске мынадай қарар қабылдауды ұсынады:

«Индо-Қытай елдеріндегі кәзіргі жағдайды еске алып, Индо-Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтату және бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені кеңінен, объективтік түрде қарау мақсатымен;

Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру мәселесіне қатысы бар кеңестің жұмыстарына қатысу үшін Кхмер мен Патет-Лаоның қарсыласу үкметтерінің өкілдерін шақыруды кеңес қажет деп табады».

болса, онда АҚШ делегациясы Кхмер мен Патет-Лаоның өкілдерін шақыру туралы мәселені Берлин кеңесіне қатысқан төрт мемлекеттің делегаттары арасында талқылау үшін мәжілісті жабуды ұсынады.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Чжоу Эн-лай АҚШ өкілі позициясының мүлде дәлелсіз екендігін көрсетті.

Мен, деп мәлімдеді Чжоу Эн-лай,

біздің кеңесіміздің өз құрамы туралы мәселе талқылауға правосы бар деп санаймын. Қытай Халық Республикасының делегациясы Фам Ван Донгтың көзқарасын толығымен қолдайды. Біз оның көзқарасы, оның ұсынысы ақылға сыйымды және әділетті деп санаймыз, сондықтан кеңес бұл ұсынысты қабылдасын деп ұсынамыз.

Бұдан кейін В. М. Молотов сөз алды.

Американдардың Ирандағы тіміскіленуі

ТЕГЕРАН, 8 май. (СОТА). «Техрәне мосаввар» журналы кәзіргі уақытта Иранның қарулы күштерін көбейтуге бағытталған шаралар «тығыл-таяң түрде» қабылдануда деп жазады. Үстіміздегі жылдың ортасында «армияның саны 20 мың адамға өсіріліп, жаңадан 2 дивизия

жасақталатын болады» деген ұйғарымды бар.

Журнал осы уақытқа дейін Иран армиясын соғыс өнеріне үйрету жөніндегі қызметін атқарып келген Ирандағы американдық миссиясының мүшелерінің келешекте де Иран офицерлерін соғыс

өнеріне үйретумен шұғылдана беретіндігін атап көрсетеді. Осымен байланысты, деп көрсетеді журнал, АҚШ Иранға офицерлердің жаңа біртобын жіберетін болады, олар Иран әскерлерінің әртүрлі әскери бөлімдеріне жөнелтіледі.

Оңтүстік-Шығыс Азияда АҚШ-тың АГРЕССИЯШЫЛ СОҒЫС БЛОГІН ЖАСАҚТАУЫ ТУРАЛЫ «НЬЮ-ЙОРК ТАЙМСТЫҢ» ПІКІРІ

НЬЮ-ЙОРК, 8 май. (СОТА). «Нью-Йорк таймстың» Вашингтондағы тілшісінің хабарына қарағанда, мемлекеттік департаменттің қызметкерлері Құрама

Штаттардың, Англияның, Францияның, Австралияның, Жаңа Зеландияның өкілдері мүмкін, штабтардың бастықтары — Оңтүстік-Шығыс Азияда «бірлескен қый-

мылдардың» жоспарын талдау үшін» келесі аптада жыйналады деп мәлімдеген.

Кеңес не Сингапурда, немесе Вашингтонда өтуге тиіс.

Берлин қасиорындарының коллективтерінен гүлдер қойылды.

Сол сыяқты, ССРО-ның ГДР-дегі Елшілігінен, Қытай Халық Республикасының Елшілігінен, Польша Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Венгер Халық Республикасының және ГДР үкметінің жапындағы басқа дипломатиялық өкілдіктерден де гүлдер қойылды.

Гүлдер қоюға ГДР Халық палатасының председатели Иоганнес Дикман, ГДСП Орталық Комитетінің бірінші секретары Вальтер Ульбрихт, ГДР Халық палатасы председателинің орынбасары Герман Матерн, премьер-министрдің орынбасары және Сыртқы істер министрі Лотар Болыц, ГДР премьер-министрінің орынбасарлары Генрих Рау, Отто Нушце, Пауль Шольц, Үлкен Берлиннің бургомистрі Фридрих Эберт және басқалары қатынасты.

Сол сыяқты, гүлдер қою кезінде ССРО-ның ГДР-дегі Төтенше және Полномочиеді Елшісі В. С. Семелов, Қытай Халық Республикасының ГДР-дегі Төтенше және Полномочиеді Елшісі Цзи Пинь-фэй, Польша Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Ян Изидорчик және басқалары қатысты.

Гүлдер қойған кезде ГДР мен Совет Одағының Мемлекеттік гимндері орындалды.

ПРАГАДА СОВЕТ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНІҢ БЕЙІТТЕРІНЕ ГҮЛДЕР ҚОЮ

ПРАГА, 8 май. (СОТА). Бүгін Чехословакияның фашистік құлдықтан азат етілуінің тоғыз жылдығының құрметіне Прага еңбекшілері өздерінің өмірін Чехословакияны азат етуге құрбандық еткен совет жауынгерлерін еске түсірді.

Совет солдаттары мен офицерлері жерленген Олышан бейітіне гүлдер қойылды. Бірінші гүлді республика президенті Антонин Запотоцкийдің атынан премьер-министр Вильям Широкий, екінші гүлді ССРО-ның Чехословакиядағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі Н. П. Фирюбин қойды. Чехословакия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен, Чехословак үкметінен, Ұлттық Майдан қыймылының Орталық Комитетінен, Ұлттық жыйналыстан, Чехословак армиясынан, Ішкі істер министрлігінен, Прага қаласының Орталық Ұлттық Комитетінен гүлдер қойылды.

Олышан бейітіне астана еңбекшілерінің жүздеген делегациялары күні бойы келіп, гүлдер қойысты.

Сол күні Витков тауына жерленген белгісіз солдаттың бейітіне де гүлдер қою болды.

Праганың көптеген аудандарында елдің азат етілуінің тоғыз жылдығына арналған еңбекшілердің салтанатты жыйналыстары болып өтті.

на көрнеді. Жүздеген километрге жететін жерді су басып, Есіл өзенінің өз арасының қай арада өзенін айыртар емес.

Кәзір өзен суының көтерілу биіктігі 9,45 метрге жетті. Кейбір жерлерде тау-қын күші бұдан да жоғары. Мәселен, Явленка селосының тұсындағы өзен суының көтерілу биіктігі 12 метрден асады.

Өзен бойындағы қолхоздар Есіл тасқыны туралы ерте хабарландырылып, олар

дық учасоктерге жайылуын күні бүркіп ойлап, қажетті жерлерге тоғандар орнатты. Бұл жағдай учасоктердің толық суарылуын, сойтіп, онда мал азығындық шөптердің өнімді және сапалы өсуін қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР СОВЕТ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚУАТЫН ЖӘНЕ ОТАНЫМЫЗДЫҢ ХАУПСІЗДІГІН ОНАН ӘРІ НЫҒАЙТУҒА, ЭКОНОМИКАСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН ҚЫЗУ ҚАРҚЫНМЕН ӨРКЕНДЕТІП, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ҮЗДІКСІЗ АРТТЫРА БЕРУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ.

1954 жылғы 30 майда Ленинград қаласында Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының кезекті 39 тиражы өткізіледі

Тиражда заемның 5 разрядына мына мөлшерде ұтыстар шығады:

50 мың сомдық	—	10 ұтыс
25 мың сомдық	—	25 ұтыс
10 мың сомдық	—	125 ұтыс
5 мың сомдық	—	400 ұтыс
1 мың сомдық	—	3500 ұтыс
400 сомдық	—	38440 ұтыс

Тұтас 200 сомдық облигацияға жоғарыда көрсетілген ұтыстар толық, ал, 100 сомдық облигацияға ұтыстың тең жартысы төленеді. Тиражда барлығы жалпы сомасы 23.251.000 сомдық 42500 ұтыс ойналады.

ЗАЕМ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ БАРЛЫҚ ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДА ЕРКІН САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНАДЫ.

200 сомдық облигациялардың тұрар бағасы (январь, март, май, июнь, сентябрь және ноябрь айларының бірінен 15-не дейін 204 сом, ал, осы айлардың 16-нан 30-на дейін сатып алғанда 205 сом.

Февраль, апрель, июнь, август, октябрь және декабрь айларының бірінен 15-не дейін сатып алғанда 202 сом, ал, осы айлардың 16-нан 30-на дейін 203 сом.

100 сомдық облигациялардың тұрар бағасы алғашқы көрсетілген айлардың бірінен 15-не дейін 102 сом, 16-нан 30-на дейін 102 сом 50 тыйын, осы айлардың бірінен 15-не дейін 101 сом, 16-нан 30-на дейін 101 сом 50 тыйын.

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатып алыңыздар!

Жыйнақ кассаларының басқармасы.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ӨМІР ӨТКЕЛІ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да бас-талады.

«АЙНЫМАС ДОСТАР»
Сағат 4-30, 6-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.